AIQYN апта

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕНБІ №126 (4811)
7.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚОРДА



ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ ОРТАҚ ТҮСІНІК

Астанада Ақаба процесінің «Жасанды интеллект саласындағы қауіпсіздік» тақырыбына арналған саммиті өтті.

Саммитке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Әзербайжан Ұлттық жиналысының спикері Сахиба Гафарова, Қырғызстан Сыртқы істер министрі Жээнбек Кулубаев және басқа да ресми тұлғалар қатысты.

Ақаба процесі – Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн 2015 жылы көтерген терроризмге және зорлықшыл экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық бастама.

Аталған алаңда қауіп-қатерлерге қатысты ортақ түсінікті қалыптастыру және нақты әрекет ету шараларын үйлестіру мақсатында мемлекеттер басшылары, арнайы қызметтердің, әскери ведомстволардың және халықаралық ұйымдардың жетекшілері бас қосады.

ДОСТЫҚ БАЙЛАНЫС НЫҒАЙҒАН КЕЗЕҢ

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Иордан Хашимит Корольдігінің Королі II Абдалла бен әл-Хусейнді қарсы алу рәсімі өтті.



Мәртебелі мейманның құрметіне Әуе қорғанысы күштерінің тікұшақтары Қазақстан мен Иорданияның Мемлекеттік туларын желбіретіп, Ақорда алдынан ұшып өтті.

Салтанатты іс-шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен II Абдалла бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң Президент оркестрі екі елдің әнұрандарын орындады.

Келіссөз аясында Мемлекет басшысы Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейннің Қазақстанға ресми сапары елдеріміз арасындағы берік достықты, өзара құрмет пен ынтымақтастықты көрсететінін атап өтті.

– Иордания – араб әлеміндегі уақыт тезінен өткен сенімді серіктесіміз. Кейінгі жылдары ықпалдастығымыз қарқын ала бастады. Біз арамызда орнаған түрлі деңгейдегі берік саяси диалогты жоғары бағалаймыз. Былтыр екіжақты қарым-қатынас үшін ерекше кезең болды, бір-бірімізге сапармен бардық. Келіссөздер қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдеме қабылданды, сондай-ақ министрліктеріміз бен ведомстволарымыздың және іскерлік орта өкілдерінің арасында көптеген құжатқа қол қойылды. Мұның бәрі көпжақты ынтымақтастығымызды одан әрі ілгерілетуге септігін тигізді, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖЕМІСТІ ЖЕТІ ЖЫЛ

БАЛА ҚАМЫ БАСТЫ НАЗАРДА



2019-2026 жылдары балалардың әл-ауқатын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Президент тапсырмасымен бұл салада жүйелі реформалар жүргізілді. Соның арқасында құрғақ есепке құрылған бұрынғы бюрократиялық әдістен арылып, ең алдымен жас ұрпақтың келешегін ойлайтын жаңа тәсілге көштік.

→ 11

Меруерт ӨТЕКЕШОВА:

«ҚЫЗ ЖІБЕК» – ӨМІРІМДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН МЕКТЕП

Қазақтың Қыз Жібегінің даңқына қылау түсірмеген әйгілі актриса Меруерт Өтекешова өткен айда Атырауға келді. Даңқты драматург Рақымжан Отарбаевтың рухына арналған халықаралық театр фестиваліне арнайы шақырылған құрметті қонақпен кездесіп, сұхбаттасудың сәті түсті.

→ 13



Бір әңгіме – ҰЛАСҚАН мәңгіге




Қазақтың қасіретті тағдырын суреттеген «Мәңгілік бала бейне» шығармасы отыз жылдан бері оқырман жүрегінен өшкен жоқ. Семей полигонының зардабын, адам жанының жарасын арқау еткен туынды – бүгінде өзектілігін жоғалтпаған құнды дүние. Осы айтулы датаға орай Астанадағы академиялық кітапханада жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқановаңың «Мәңгілік бала бейне» спектакль-кітабының тұсаукесері өтті. Кездесуге қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар қатысты.

→ 16

АҚОРДА

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ДОСТЫҚ БАЙЛАНЫС НЫҒАЙҒАН КЕЗЕҢ



(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан өзара мүддеге сай барлық салада қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты іске асыруға баса мән беретініне тоқталды. Экономикалық ықпалдастық қазақ-иордан қарым-қатынасының негізгі қозғаушы күші болып қала береді. Сонымен қатар академиялық және ғылыми байланыстарды нығайту, өзара туристер ағынын арттыру арқылы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтудің әлеуеті зор.

Мемлекет басшысы екі елдің халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешу тәсілдері ұқсас екеніне назар аударып, Иордания Корольдігінің достық байланыстарды нығайтып, қос халықты жақындастыруға қосқан үлесін жоғары бағалады.

– Сіздің көреген басшылығыңызбен Иордания парасаттылық әрі байыптылық үлгісін көрсетіп, халықаралық аренада Таяу Шығыс және одан тысқары аймақтардағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың дәйекті жақтаушысы ретінде кеңінен танылды. Осы орайда Қазақстан Өзіңіз он жылдан аса уақыт бұрын бастаған Ақаба процесін жоғары бағалайды. Мұндай форматтағы кездесуге Орталық Азияда алғаш рет ұйымдастырушылардың бірі ретінде қатысу – біз үшін үлкен мәртебе. Сессия бүгінде аса өзекті саналатын жасанды интеллект саласындағы қауіпсіздік тақырыбына арналып отыр. Саммит Орталық Азия өңірінің ұстанымын білдіріп, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі бірлескен күш-жігерімізге тың серпін сыйлайтынына сенімдімін, – деді Президент.

Король II Абдалла бен әл-Хусейн ықыласпен қарсы алғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Қазақстан мен Иорданияны бұрыннан келе жатқан қарым-қатынас, өзара құрмет, сондай-ақ бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту ісіндегі ортақ ұстаным байланыстыратынын жеткізді.

– Өзіңіз еске салғандай, былтыр бір-біріміздің елімізге жасаған сапарларымыз екіжақты қарым-қатынасты ілгерілетуге ерекше серпін берді. Біз қол жеткізілген уағдаластықтарды одан әрі өрбітіп, сауда, инвестиция, туризм, технология және қорғаныс секілді негізгі бағыттарда ынтымақтастықты кеңейтуге ниеттіміз, – деді Иордания Королі.

Король II Абдалла Ақаба процесі аясындағы кездесулердің жаңа раундын бірлесе ұйымдастырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа шынайы ризашылығын білдірді. Оның айтуынша, бұл екі елдің қауіпсіздік саласындағы өңірлік және жаһандық сын-қатерлерді шешуге бейілдігін көрсетеді.

Осы орайда Иордания Королі өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ терроризм мен экстремизмге қарсы күрес ісінде Қазақстанмен ықпалдастықты кеңейтуге мүдделі екенін растады.

Мемлекет басшысы Иордания Королі II Абдалланы Al-Farabi орденімен марапаттады. Қасым-Жомарт Тоқаев Король II Абдалланың елімізге сапарын Қазақстан мен Иорданияның стратегиялық серіктестігі тереңдей түскенінің айқын көрінісі деп атады. Президенттің пайымдауынша, жоғары деңгейдегі қарқынды ықпалдастық ортақ басымдықтарды және екіжақты ынтымақтастықтың күн тәртібін



ілгерілетуге қолайлы жағдай туғызады.

– Біз Иорданиямен сан қырлы байланыстарды жоғары бағалаймыз. Еліміз Сізді бүкіл әлемде беделі биік көрнекті әрі көреген көшбасшы ретінде біледі. Сіздің тегеурінді, байыпты басшылығыңызбен Иордания бейбітшілік пен тұрақтылықтың, абырой мен әділеттің мекені, сондай-ақ қарқынды даму үстіндегі инновация мен орнықты өсім орталығы ретінде танылды. Әлемдік қоғамдастық Сіздің ой-пікіріңізге құлақ асады, жаһандық диалогты өрбітуге елеулі түрде ықпал етіп келесіз. «Ақаба процесі» бастамасы Сіздің халықаралық қауіпсіздікті күшейтуге әрдайым бейіл екеніңізді анық көрсетеді. Ертең Астанада Иорданиямен бірлесіп осы бастама аясындағы кезекті саммитті өткіземіз. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Корольдің дәйекті қолдауының арқасында екіжақты ынтымақтастық қазірдің өзінде айтарлықтай нәтижелерге ұласқанына назар аударды.

– Бүгінде серіктестігіміз екі мемлекеттің де зор әлеуетін аша отырып, жаңа, перспективті бағыттарда белсенді түрде дамып келеді. Былтыр ұйымдастырылған өзара сапарлар бұған тың серпін берді. Осы оң қарқынды сақтап, ықпалдастықты бұдан да жоғары деңгейге жеткізуге ниеттімін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Король II Абдалланы Қазақстанның жақын досы санайтынын айтты.

– Қазақстан мен Иорданияның арасындағы достық байланыстарды нығайтуға қосқан елеулі үлесіңіз үшін Сізге Al-Farabi орденін табыстау – мен үшін зор мәртебе. Бұл жоғары награданың атауы Шығыстың ұлы ойшылының құрметіне қойылды. Әл-Фарабидің мұрасы қаншама буынды қанаттандырып, адамгершілік шамшырағы болып келеді. Ол саяси ой-сананың, ғылым мен әдебиеттің қалыптасуында баға жетпес тарихи рөл атқарды. Әл-Фараби күллі араб әлемінің жүрегіне жол тапқан ақылдың кені іспеттес. Оның ешқашан өзектілігін жоймайтын даналық, үйлесім және бірлік туралы ұлағатты ойлары – мәдениеттеріміздің ортақ қазынасы. Біз Сіздің осынау ізгі құндылықтарды дәріптеуге қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Аталған мәртебелі марапаттың алғашқы иегері болып отырсыз. Мұны тарихи уақиға деп санаймыз. Осы жоғары награданы Қазақстанның Сізге деген риясыз құрметінің белгісі ретінде қабыл алыңыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Король II Абдалла Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты Иордан Хашимит Корольдігінің жоғары мемлекеттік наградасы – al-Hussain ibn Ali орденімен марапаттады.

– Мен үшін Иордан Хашимит Корольдігінің жоғары наградасына ие болу – зор мәртебе. Бұл орден Сіздің текті әулетіңіздің абыройын асырған тұлғаның есімімен аталады. Оның ар-ожданы, сенімі мен нанымы, туған еліне адал қызметі ұрпаққа үлгі болып келеді. Осы жоғары награданы еңбегімнің бағалануы ғана емес, ең алдымен, халықтарымыз арасындағы берік достық пен өзара құрметтің белгісі деп санаймын. Бұл Қазақстан мен Иордания арасындағы байланыстардың тығыз әрі дәйекті түрде нығайып келе жатқанын айғақтайды. Сіздің екіжақты ынтымақтастықты одан әрі ілгерілету ниетіңізді жоғары бағалаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Al-Hussain ibn Ali орденін 1949 жылы Иордания Королі I Абдалла бен әл-Хусейн әкесі – Мекке шарифі Хусейн бен Әлидің (1853-1931 жж) құрметіне тағайындаған. Ол Хашимиттер әулетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі болған.

Орденді табыстау Иордания Королі тарапынан көрсетілген айрықша құрметтің белгісі әрі жоғары деңгейдегі саяси сенімнің айғағы саналады.

АҚОРДА

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ЕЛ МҰРАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ НАСИХАТТАЛАДЫ



Алматыда әл-Фараби мұрасына арналған халықаралық симпозиум аясында Вице-Президент Ерлан Қарин Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымының (ИСЕСКО) бас директоры Салим Әл-Маликпен кездесті.

Ерлан Қарин жаңа Конституцияның маңызына тоқталып, басты құжатта адам капиталын дамыту, білім беру, ғылым және инновацияларды ілгерілету елдің стратегиялық басымдығы ретінде бекітілгенін атап өтті.

Вице-Президент әл-Фараби мұрасын халықаралық деңгейде насихаттауға қолдау көрсетіп, Түркістан қаласын 2027 жылғы Ислам әлемінің мәдени астанасы деп жариялау жөнінде шешім қабылдағаны үшін ИСЕСКО бас директорына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғысын жеткізді.

Осы орайда тараптар Түркістан қаласында бірлескен мәдени іс-шаралар өткізуге дайындық мәселесін, сондай-ақ әл-Фараби мен Қожа Ахмет Ясауи мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеуге және кеңінен насихаттауға қатысты жобаларды талқылады.

Сонымен қатар Қазақстанның он жаңа номинациясын ИСЕСКО-ның Ислам әлемі мұрасы тізіміне енгізу ісі пысықталды. Бірлескен ғылыми және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру әлеуетіне назар аударылды.

Вице-Президент ИСЕСКО ұйымымен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі аясындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындады. Олардың қатарында Мемлекет басшысының Жаһандық бейбітшілік қозғалысын құру жөніндегі бастамасын ілгерілету, сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының XXIV отырысында қабылданған құжаттарды жүзеге асыру мәселелері бар.

Кездесу барысында Ұйымның 2027 жылы өтетін Хатшылықтың XXV отырысына және 2028 жылы ұйымдастырылатын Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IX съезіне дайындық жұмыстарына қатысу жайы да талқыланды.

ҚАЗАҚСТАН ТӨЛҚҰЖАТЫ ТАҢДАУЛЫЛАР ҚАТАРЫНДА

Вице-Президент Ерлан Қариннің төрағалығымен Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.



Жиын қорытындысы бойынша Мемлекет басшысына 255 адамды Қазақстан азаматтығына қабылдау туралы ұсыныс енгізіледі.

Сондай-ақ комиссия 43 адамның азаматтықтан бас тарту туралы өтінішін қанағаттандыруды ұсынбақ.

Вице-Президенттің айтуынша, соңғы жылдары Қазақстан азаматтығынан шығуға ниет білдірушілер санының азаю үрдісі сақталып отыр.

Атап айтқанда, кейінгі 8 жылда Қазақстан азаматтығынан шығу туралы өтініштер саны шамамен 40 есеге жуық азайған. Бұл өз кезегінде еліміздегі әлеуметтік оптимизм деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, төлқұжатымыздың беделі жылдан-жылға нығайып келеді. Бұл Қазақстанның тартымдылығы арта түскенін білдіреді. Түрлі индекстердің деректеріне сәйкес, Қазақстан төлқұжаты өңірде ең таңдаулы саналады. Азаматтарымыз әлемнің 80-ге жуық еліне визасыз қатынай алады, – деді Ерлан Қарин.

Сонымен қатар Қазақстан азаматтығы шетелдің IT, бизнес салаларының көрнекті өкілдері, инвесторлар, ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері үшін тартымды бола түсуде.

– Еліміздің азаматтығы Президенттің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси салаларда жүзеге асырған реформаларының нәтижесінде осындай беделге ие болды. Сондай-ақ бұл Мемлекет басшысы жүргізіп отырған халықаралық ынтымақтастық саясатының жемісі екені анық, – деді Ерлан Қарин.

ҰЛЫ ОЙШЫЛДЫҢ ИДЕЯЛАРЫН ДӘРІПТЕГЕН БАСҚОСУ

Вице-Президент Ерлан Қарин Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық және ғылыми мұрасына арналған «Философия. Этика. Болашақ» атты халықаралық симпозиумға қатысты.



Әл-Фарабидің мұрасын дәріптеуге арналған халықаралық симпозиумды тұрақты түрде өткізу туралы бастаманы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көтерді. Биыл ғылыми форум Алматы қаласында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтіп жатыр.

Халықаралық симпозиумның ашылуында Ерлан Қарин Мемлекет басшысының құттықтау хатын оқып берді. Президент жиынға қатысушыларға жолдаған құттықтау хатында ұлы ойшылдардың озық идеяларын терең зерделеп, өскелең ұрпақ арасында кеңінен насихаттаудың, сондай-ақ оның бәрін заманауи ғылым тұрғысынан пайымдаудың маңызды екеніне тоқталған.

«Әл-Фараби адамзатқа ортақ мызғымас құндылықтарды кеңінен дәріптеп, соңына теңдессіз мұра қалдырды. Оның парасатты адам және қайырымды қоғам туралы тұжырымдары ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Мұның бәрі ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналған «Таза Қазақстан», «Адал азамат» идеяларымен үндеседі» , – деп атап өткен Қасым-Жомарт Тоқаев.

Симпозиум қатысушыларының алдында сөйлеген сөзінде Вице-Президент әл-Фарабидің идеялары қазіргі жаһандану және технологиялық прогресс дәуірінде ерекше өзекті екенін мәлімдеді. Ерлан Қариннің айтуынша, әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи және Абай сынды көрнекті ойшылдардың мұрасы ғылыми қауымдастық тарапынан қызығушылық тудырады және қоғамның руханиадамгершілік негіздерін нығайту ісінде айрықша рөл атқарады.

Сондай-ақ Вице-Президент әл-Фараби симпозиумы дәстүрлі ғылыми жиынға айналатынын жеткізді.

– Президент Түркістанда – Ясауи, Алматыда әл-Фараби мұрасына арналған халықаралық симпозиумдарды бұдан былай тұрақты түрде ұйымдастыруды тапсырды. Екі үлкен тұлғаға арналған мұндай жиындар кезекпен екі жылда бір рет өткізілетін болады. Бұл – рухани мұрамызды наукандық емес, институционалдық деңгейде жүйелі, кешенді зерттеуге көшкенімізді көрсетеді. Қазақстан өзінің тарихын, рухани мұрасын зерттеуді, насихаттауды жүйелі түрде қолға алуда. Бұл – ағартушылық бағыттағы үлкен бетбұрыстың белгісі, – деді Ерлан Қарин.

Форум барысында қатысушылар Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық ілімінің жаһандық гуманитарлық диалогты орнықтырудағы, жалпыадамзаттық құндылықтарды ілгерілетудегі рөлін талқылады.

Халықаралық симпозиумға еліміздің және шетелдің 150-ден астам ғалымдары, зерттеушілері, сарапшылары, сондай-ақ жетекші халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

А.БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ҚҰРЫЛТАЙ

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен бюро отырысы өтті. Жиында алдағы Құрылтай отырысының күн тәртібі айқындалып, бірқатар заң жобасы мен ұйымдастырушылық мәселелер қаралды.



Келесі сәрсенбіде депутаттар Жоғары аудиторлық палата Төрағасы Әлихан Смайыловтың ғылымды дамытуға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы және жер қойнауын пайдаланушылардың міндетті аударымдары есебінен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру тетігінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындылары туралы есебін тыңдайды.

Күн тәртібіне баламалы энергетиканы дамытуға қатысты заң жобасы да енгізілді. Құжат электр энергиясын жинақтау жүйелерін бірыңғай электр энергетикалық жүйеге қосудың құқықтық негіздерін қалыптастыруды көздейді.

Сондай-ақ инвесторлардың мүдделерін қорғау және жаңартылатын энергия көздері нарығын дамыту мақсатында бизнес субъектілері арасындағы келісімдер жасасу тетігін жетілдіру ұсынылады. Заң жобасында жел, күн және геотермалдық энергияны пайдалану мәселелері қамтылған. Бұдан бөлек, баламалы энергетика технологияларын жылумен жабдықтау саласына енгізу көзделеді.

Аталған бастамалар Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген энергетикалық қауіпсіздікті нығайту, цифрландыруды жеделдету және технологиялық дамуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асыру аясында әзірленген.

Құрылтай отырысының күн тәртібіне Халықаралық жүк тасымалдау шарты туралы конвенцияны және оған электрондық жүккұжатқа қатысты Қосымша хаттаманы ратификациялау туралы екі заң жобасы да енгізілді.


Конвенция халықаралық жүк тасымалдау шарттарын жасасу мен орындаудың бірыңғай қағидаларын белгілеп, тасымалдаушылардың жауапкершілігін реттейді. Оны ратификациялау Қазақстанның халықаралық көлік-логистика саласындағы ынтымақтастығын нығайтуға және жүк тасымалдау рәсімдерін біріздендіруге мүмкіндік береді.

Ал электрондық жүккұжатқа қатысты Қосымша хаттаманы ратификациялау халықаралық автомобиль тасымалында электрондық құжат айналымын енгізудің құқықтық негізін қалыптастырады. Бұл жүк тасымалдау рәсімдерін цифрландыруға, бақылау уақытын қысқартуға, сондай-ақ құжаттарды басып шығару мен өңдеуге жұмсалатын шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде отандық автокөлік кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі артады.

Бюро отырысында Құрылтай депутаттарының заңдарға мониторинг жүргізу қағидалары да қаралды. Сонымен қатар бюро Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетіне Біріккен Ұлттар Ұйымының Киберқылмысқа қарсы конвенциясы бойынша қорытынды әзірлеуді тапсырды. Құжат ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың алдын алуға, сондай-ақ мемлекеттердің осы бағыттағы халықаралық ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған.

ҚОМАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫ

Құрылтай қазан жұмысын қорытындылап, жұмыс нәтижелерін жариялады. Өткен айда ел Парламенті 5 отырыс өткізіп, 6 заң қабылдап, оның екеуіне Президент қол қойған. Бұлардан бөлек, тағы 41 заң жобасы қарауға алынды. Балалардың құқықтары және әл-ауқаты мәселелерімен айналысатын «Қазақстан балалары» арнайы депутаттық тобының құрылуы да – ерекше атап өтерлік жаңалық. Депутаттардың қоғамдық қабылдауы да қауырт жұмысқа толы болған. Жүздеген азамат сот ісі, заңды жетілдіру, әлеуметтік қолдау және тұрғын үй сынды өзекті мәселелермен жүгініп, көпшілігіне мәселе толыққанды түсіндіріліп, енді біраз өтініш тиісті мемлекеттік органдарға жолданған.



ҚҰРЫЛТАЙ

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

БИЗНЕСТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру тақырыбында Экономикалық саясат, өнеркәсіп және энергетика комитетінің отырысы болды. Комитет басшысы Наталья Годунованың төрағалығымен өткен жиында шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту мәселелері талқыланды.



Отырыста салалық комитет төрағасы Наталья Годунова Мемлекет басшысы кәсіпкерлікті дамытуды экономиканы әртараптандырудың, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудің және халықтың әл-ауқатын арттырудың негізгі факторының бірі ретінде қарастырғанын атап өтті.

Құрылтай Төрағасының орынбасары Дания Еспаева өз сөзінде бүгінгі таңда елімізде шағын және орта бизнестің ЖІӨ-ге қосқан үлесі 40%-ға жеткенін, ал оның негізгі капиталға салынған инвестициялардағы үлесі 70%-ға жақындағанын атап өтті. Оның пікірінше, бұл көрсеткіштер кәсіпкерліктің ұлттық экономиканың негізгі драйверлерінің біріне айналғанын айқын көрсетіп отыр.

Дания Еспаева Президент жүктеген міндеттерге жан-жақты тоқталды. Ол қазір үштен бірі сауда саласында шоғырланған шағын бизнесті әртараптандыру қажеттігін айтты. Кедергілерді азайта отырып, ШОБ-тың мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардағы сатып алуларға қатысуын кеңейту, бұған қоса 2027 жылдың басынан бастап микро және шағын бизнесті тексеруге үш жылдық мораторийді талқылау арқылы әкімшілік қысымды төмендету де өте маңызды. Сонымен қатар қолдау шараларын реформалау, бизнесті маркетплейстермен, банктермен және логистикалық операторлармен интеграциялауды қамтитын өзгеріс – қаржылық модельден кешенді модельге көшу межеленіп отыр.

«Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Аслан Калиғазин бизнес бүгінде жасанды «өсім тосқауылына» тап болып отырғанын айтты. Шикізаттың қымбаттауына байланысты шағын кәсіпорындар кірісті номиналды түрде көбейтіп, нәтижесінде автоматты түрде орта бизнес санатына ауысады. Бұл ретте компаниялар шағын сегментке есептелген мемлекеттік преференциялар мен жеңілдіктерден бірден айырылады, бұл оларды өндірісті кеңейтуге ынталандырады. 26%-ға дейінгі мөлшерлемелері бар қымбат несиелер, реттеушілердің қысымы мен тиімсіз тексеру жүйесі жағдайды қиындатады.

Осы проблемаларды шешу үшін «Атамекен» ҰКП бұрын келісілген жеңілдіктерді уақытша сақтауға мүмкіндік беретін және жұмсақ салық режимін қамтамасыз ететін «шағын – орта» өтпелі қолдау пакетін іске қосуды жөн санайды. Бұдан бөлек, палата мемлекеттік сатып алулардағы басымдықтарды АЕК көлеміне қарай бөлуді, жеткізілімдер бойынша төлемнің 15 күндік мерзімін белгілеуді, Ұлттық тауарлар каталогын отандық өндірушілер тізілімімен үйлестіруді және инвестициялық қаржыларды субсидиялау мерзімдерін ұлғайтуды ұсынды.

Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев Үкімет дайындап жатқан бизнесті қолдау шаралары туралы айтты. Кешенді жоспар жобасы негізгі төрт бағытты қарастырады. Біріншісі – шағын бизнестің орта бизнеске көшуін ынталандыру. Екіншісі – ұзақмерзімді қаржыландыруға қол жеткізу. Бұл ретте «Өрлеу» бағдарламасы бойынша кемінде жеті жыл мерзімге қарыз беру, үлестік және мезониндік қаржыландыруды дамыту, сондай-ақ банктер «Даму» қорының кепілдіктерін таныған кезде орта кәсіпорындардың облигациялар нарығына шығу мүмкіндіктерін кеңейту ұсынылады. Үшінші бағыт қуатты технологиялық жаңартуды және жабдықтың жеңілдетілген лизингін, өндірушілерге ҚҚС-ты жедел қайтару мен технологиялық аудит арқылы еңбек өнімділігін арттыруды көздейді. Төртінші блок тұрақты сатуды қамтамасыз ету үшін ірі компаниялармен орта бизнестің ынтымақтастығына қатысты.

Кешенді жоспардың басым бағыттары өңдеу өнеркәсібі мен агроөңдеу болып белгіленді. Вице-министрдің айтуынша, негізгі мақсат – ЖІӨ-дегі орта бизнестің үлесін кезең-кезеңімен 7 пайыздан 15 пайызға дейін, ал болашақта 20 пайызға дейін арттыру. Нәтиже шағын бизнестен орташа бизнеске дейін өскен компаниялардың санымен өлшенеді.

Отырыс барысында талқыланған мәселелер бойынша Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шархан, Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова, сондай-ақ Қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбейіл өз ойларын ортаға салды. Депутаттар экономиканың нақты секторы өкілдерінің де пікір-ұсыныстарына құлақ түрді. Атап айтқанда, Shaurma Food компаниялар тобының жетекшісі Дмитрий Инютин «Даму» қоры желісі бойынша қоғамдық тамақтану саласын қолдау шараларының қысқартылғанын айтты, моноқалаларда бизнесті қолдау бағдарламаларын қайта бастауға шақырды.

Талқылауды қорытындылай келе, комитет төрағасы Наталья Годунова Құрылтай атқарушы органдардан жан-жақты, нақты іске асырылатын және экономикалық негізделген қадамдар күтетінін атап өтті.



ЕЛ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДА

Құрылтай депутаттары мен Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері бірнеше облыстағы қалалар мен аудандарды аралап, жергілікті тұрғындармен бірқатар кездесу өткізді.

Алдымен Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданында Құрылтай депутаты Ерлан Сайыр, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Денис Рыпаков және Ұлттық экономика вице-министрі Арман Қасенов аудан активімен кездесті. Ал Риддер қаласына жұмыс сапарымен Құрылтай депутаттары Олжас Нұралдинов пен Жұлдыз Данбаева, Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров, Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің төрағасы Бауыржан Жүсіпов және Энергетика вице-министрі Ержан Ертаев келді.

Кездесулерде Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын іске асыру, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты маңызды мәселелер талқыланды.

– Бүгінде Шығыс Қазақстан қарқынды дамып келеді. Өңірде төрт жаңа аудан құрылып, екі әуежайдың құрылысы жүргізілуде. Қазақстандағы ең биік таулы көпір пайдалануға берілді, бірегей Гематология орталығы жұмысын бастады. Сонымен қатар облыс орталығында көлік жолайрығының құрылысы қолға алынды. Жүзеге асырылып жатқан бұл жобалар өңірдің XXI ғасырдағы экономикалық даму үрдістеріне сай туристік, көлік-логистикалық және цифрлық хабқа айналуына мүмкіндік береді, – деді Ерлан Сайыр.

Кездесу барысында экономиканы дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру мәселелері қаралды. Депутаттың айтуынша, алдағы үш жылда еліміз бойынша әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға 6,5 трлн теңге бағыттау жоспарланып отыр. Сондай-ақ осы кезеңде 70 денсаулық сақтау нысаны мен білім беру, мәдениет және спорт салаларына қатысты 50 нысан салу көзделген.

Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Денис Рыпаков мәселелерді көтеріп қана қоймай, оларды шешу жолдарын іздеудің маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қатарында коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, ауылдарды дамыту және жастарға қолайлы жағдай жасау бар.

Риддердегі кездесуде өнеркәсіптік әлеует пен қалалық инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Құрылтай депутаты Олжас Нұралдинов қаланың өңір мен ел экономикасына елеулі үлес қосып отырған маңызды өнеркәсіп орталығы болып қала беретінін атап өтті.

– Риддер дамып келеді, тау шаңғысы базалары салынып, инфрақұрылым жетілдірілуде. Таукен өнеркәсібі бұрынғысынша маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар жылу электр орталығын жаңғырту жұмыстарын жеделдетіп, қалалық инфрақұрылымды ретке келтіру қажет, – деді депутат.

Медицина саласында көп жыл еңбек еткен Құрылтай депутаты Жұлдыз Данбаева денсаулық сақтау саласын дамыту мәселесіне ерекше тоқталды. Оның айтуынша, Риддер қаласында жуырда 200 орындық аурухана мен бір ауысымда 500 адамды қабылдайтын емхана ашылған.

Бұдан бөлек, Семейде Құрылтай депутаты Айрат Базенов, Энергетика вице-министрі Бақтияр Ілияс және Ұлттық экономика министрлігі Арнайы бағдарламалар комитетінің төрағасы Бауыржан Сыздықов «Шығыс Қазақстан өңірлік электржелілік компаниясы» АҚ ұжымымен кездесіп, Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген міндеттер мен оларды жүзеге асыру жолдарын түсіндірді.

Айрат Базеновтің айтуынша, электр энергиясын тұтыну көлемінің өсуі мен экономиканың кеңеюі отандық генерация қуатарын арттыруды ғана емес, өндірілген энергияны жинақтау және сақтау жүйелерін дамытуды да талап етеді.

– Мемлекет басшысы Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуді стратегиялық міндет ретінде белгіледі. Қазір еліміз жылына 124 млрд кВт • сағ электр энергиясын тұтынады. Алдағы уақытта ішкі өндіріс сұранысты толық қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Сондықтан электр энергиясын өндірумен қатар, оны жинақтау және сақтау мүмкіндіктерін де дамыту қажет. Бұл ретте көмір және су электр стансаларымен бірге жел мен күн энергиясын тиімді пайдалану маңызды, – деді депутат.

Кездесудің келесі маңызды бағыты халықтың нақты табысын арттыру және баға тұрақтылығын сақтау болды. Ұлттық экономика министрлігі Арнайы бағдарламалар комитетінің төрағасы Бауыржан Сыздықовтың айтуынша, Үкіметтің басты міндеті – экономикалық өсімнің әрбір отбасының әл-ауқатына оң әсер етуін қамтамасыз ету. Осы мақсатта 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеден 110 мың теңгеге дейін көтеру жоспарланып отыр.

Ал Құрылтай депутаты Қайрат Айтуғанов Солтүстік Қазақстанда тұрғындарымен Жолдаудың басым бағыттарын талқылады. Алдымен №17 Ұлттық өркендеу орта мектеп кешенінде білім беру саласының өкілдерімен кездесу өтті. Онда білім беру инфрақұрылымын дамыту, оқыту сапасын арттыру және педагогтердің кәсіби өсуіне қолайлы жағдай жасау мәселелері талқыланды. Сондай-ақ адами капиталды дамытуға және өскелең ұрпақтың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған бастамаларға ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған «Көкшетау – Петропавл» автожолын қайта жаңғырту бастамасы өңір тұрғындарына қуаныш сыйлады.

Келесі кездесу облыстық көпбейінді ауруханада денсаулық сақтау саласының өкілдерімен өтті. Мемлекет басшысы атап өткендей, алғашқы кезеңде өңірлерде 70-ке жуық денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар білім беру, спорт және мәдениет салаларында 50-ге жуық нысанның құрылысы басталады.

– Денсаулық сақтау, білім беру және спорт салаларын дамыту – ең алдымен, адами капиталға, ұлт саулығына және балаларымыздың болашағына салынған инвестиция. Баршамыздың ортақ міндетіміз – Мемлекет басшысы айқындаған бастамалардың нақты жүзеге асырылуын қамтамасыз ету. Сонда әрбір азамат тұрғылықты жеріне қарамастан, сапалы әлеуметтік қызметтерді пайдалана алады, – деді Қайрат Айтуғанов.

Жолдауда көтерілген мәселелерді талқылауға арналған келесі кездесу С.Киров атындағы зауытта өтті. Кездесу барысында зауыт жұмысшылары үшін маңызды бірқатар мәселе сөз болды. Атап айтқанда, жол инфрақұрылымы мен логистиканы дамыту, елді мекендерді газдандыру, ең төменгі жалақы мөлшерін арттыру, сондай-ақ жекешелендіру жоспарларына байланысты кәсіпорынның алдағы даму перспективалары талқыланды.

ӘDILET

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ШЕШІМ

Тау-кен компанияларының тұрақты жұмыс істеуіне қандай жағдай жасау керек? Шикізат қорларын игеруді қалай жеңілдетеміз? Өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу көлемін арттыру үшін не істеуге болады? Бұл мәселелер «Әділет» партиясы Іскерлік кеңесі жанындағы Тау-кен металлургия кешені мәселелері жөніндегі салалық кеңестің алғашқы отырысында талқыланды. Жиынға салалық қауымдастықтардың, мемлекеттік органдардың өкілдері мен Құрылтай депутаттары қатысты.



Өнеркәсіпті дамыту, инвестиция тарту және отандық шикізатты терең өңдеу Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген негізгі басымдықтардың қатарында. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін кәсіпорындардың жұмысына кедергі келтіретін заңнамалық және әкімшілік тосқауылдарды жою қажет.

Салалық кеңес төрағасы Николай Радостовец тау-кен металлургия кешені экономиканың басым бағыттарының біріне айналып келе жатқанын жеткізді. Ол геологиялық барлау мен көмір өнеркәсібін дамытумен қатар инвестиция көлемін арттыру, отандық шикізатты терең өңдеу, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және түсті әрі сирек жер металдарын өндіруге қажетті ресурс базасын қалыптастыру маңызды екенін айтты.

Оның айтуынша, саланы дамыту үшін салық салу шарттарын әділ ету, әкімшілік кедергілерді қысқарту және заңнама талаптарының тұрақтылығын сақтау қажет. Кеңес осы міндеттерді шешуге бағытталады. Оның жұмысына бизнес өкілдері, мемлекеттік органдар мен депутаттар қатысып, нақты заңнамалық бастамалар әзірлейді.

«Әділет» партиясы Төрағасының орынбасары Эльдар Жұмағазиев те Кеңес жұмысының нақты нәтижеге бағытталуы маңызды екенін атап өтті.

«Біздің басты міндетіміз – Құрылтай депутаттары мен мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін біріктіріп, партия алаңында қауымдастықтар және сала мамандарымен бірге кәсіпкерлік пен экономика мәселелерін талқылау. Салалық кеңес деңгейінде шешілмеген мәселелер кейін Айбек Дәдебайдың қатысуымен партия Іскерлік кеңесінің отырысында қаралады. Біздің мақсатымыз – тепе-теңдікті сақтап, ортақ келісімге келу», – деді Эльдар Жұмағазиев.

Отырыстағы негізгі тақырыптардың бірі – тау-кен өндіруші кәсіпорындарға түсетін салық жүктемесі. Қазақстан тау-кен палатасының президенті Руслан Баймишев инвесторлар салық талаптарын жобаның басынан-ақ нақты білуі қажет екенін айтты. Сала өкілдерінің пікірінше, роялти мөлшерін есептеген кезде кәсіпорындардың нақты экономикалық көрсеткіштері, сондай-ақ шикізатты өндіру мен өңдеудің ерекшеліктері ескерілуі қажет.

Мемлекеттік орган өкілдері салық төлеуден жалтаруға жол бермеу қажеттігін айтты. Ол үшін салық есебі ашық болуы, ал компаниялар үлестес ұйымдар мен трансферттік баға белгілеу тетіктерін салықтан жалтару үшін пайдаланбауы керек.

Жиынға қатысушылар мемлекет пен бизнес мүддесін тең ұстауға мүмкіндік беретін тәсілдерді талқылады. Роялтиді қолдану мерзімі 2029 жылғы 1 қаңтарға шегерілді. Ал салық заңнамасына енгізілетін өзгерістер топтамасын 2027 жылдың соңына дейін әзірлеу жоспарланған.

Тағы бір өзекті мәселе – тау-кен жобаларын іске асыруға қажетті жер учаскелерінің қолжетімділігі. Кен орнын игеруге лицензия болғанның өзінде жерге құқықты рәсімдеу және құжаттарды келісу жұмыс бастау мерзімін созып жіберуі мүмкін. Николай Радостовец инвесторлар жекеменшік жер иелерімен келіссөз жүргізу кезінде жиі қиындыққа тап болатынын айтты. Соның салдарынан келешегі бар жобалар кешігіп, тіпті іске аспай қалуы мүмкін.

Сала өкілдері жер учаскелерін рәсімдеу тәртібін жеңілдетуді, өтінімдерді қараудың нақты мерзімдерін белгілеуді және инвестициялық жобалар үшін жерді алып қою кезінде меншік иелеріне өтемақы төлеу тәртібін айқындауды ұсынып отыр.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов ведомстволық сала өкілдерімен бірлесіп заңнамалық өзгерістерді пысықтауға және олардың құқықтық әрі бюджеттік салдарын бағалауға дайын екенін хабарлады.

Қатысушылар Су кодексіндегі нормалар мен олардың өнеркәсіп жұмысына әсерін де қарастырды. Мысал ретінде қолданыстағы су объектілеріне қатысты талаптар Павлодар алюминий зауытының дамуын шектеп отырғанын айтты.

Мемлекеттік орган өкілдері су ресурстарын сақтау басты басымдық болып қала беретінін, сонымен бірге заңнама стратегиялық өндірістердің ерекшелігін ескеруі керектігін атап өтті. Қазір Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп сараланған тәсіл әзірленіп жатыр. Ол су объектісінің жай-күйін, кен орнының маңызын және тау-кен жұмыстарының экологиялық тәуекелдерін ескеруге мүмкіндік береді. Осылайша, табиғатты қорғау талаптарын сақтай отырып, маңызды инвестициялық жобаларды іске асыруға жол ашылады.

Жұмыстың тағы бір бағыты – техногендік минералдық түзілімдерді (ТМТ) қайтадан шаруашылық айналымына қосу. Әңгіменің әуелі күл мен қож туралы. Қазір олардың едәуір бөлігі кәдеге жаратылмайды, алайда оларды екінші реттік шикізат ретінде пайдалануға болады.

Қайта өңдеуді дамыту үшін сала өкілдері кәсіпорындардың ТМТ-ға меншік құқығын заң жүзінде бекітуді, оларды қайта өңдегені үшін қосымша салық төлемеу тәртібін енгізуді және өңдеуші компанияларға беруді жеңілдетуді ұсынып отыр. Сонымен қатар бұрыннан жиналған өндірістік қалдық үйінділерін тазарту және жерді қалпына келтіру мәселелері де талқыланды.

«Өндірістік қалдықтар шығын емес, қайта айналымға қосылатын құнды ресурсқа айналуы керек», – деді Николай Радостовец.

Партияның Іскерлік кеңесі ұсынған бастамалардың бір бөлігі Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі жанындағы жұмыс тобының алдын ала қолдауына ие болды. Олардың қатарында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексте, Су және Жер кодекстеріне енгізілетін түзетулер бар. Қалған ұсыныстар сарапшылардың қатысуымен қосымша пысықталады.

Құрылтай депутаты Вадим Басин депутаттық топтың салалық заңнаманы жетілдіруге қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Отырыс қорытындысында қатысушылар әр бағыт бойынша бизнес, министрліктер мен салалық қауымдастықтар өкілдері кіретін жұмыс топтарын құруға келісті.

«ӘДІЛЕТ» ТӘЖІРИБЕСІ АНКАРАДА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Анкарада Түркияның жетекші Әділет және даму партиясы (AK Parti) алаңында әйелдердің саясатта жетістікке жетуіне және өз өңірлеріндегі тұрмыс сапасын өзгертуіне ықпал ететін табысты жобалар таныстырылды. «Ортақ тамыр – ортақ болашақ: Түркі әлемінің әйелдері» халықаралық бағдарламасы аясында Қазақстан делегациясы «Әділет» партиясының әйелдер қанаты қызметі, оның өңірлік құрылымдары, басым бағыттары мен әйелдер бастамаларын қолдау тетіктері туралы баяндады.



Панельдік сессияда Қазақстан делегациясы «Әділет» партиясы әйелдер қанатының ауқымды өңірлік желіге және он басым бағыт бойынша жауапкершілікті бөлуге негізделген ұйымдық моделін таныстырды. Сондай-ақ қатысушыларға Құрылтайдағы әйелдер үлесі туралы ақпарат ұсынылды. Бүгінде «Әділет» партиясы фракциясының құрамында 37 әйел депутат жұмыс істейді. Бұл жалпы фракция мүшелері санының 33,6%-ын құрайды. Осылайша, әйелдер фракциядағы депутаттық мандаттардың үштен бірінен астамын иеленіп, мемлекеттік саясаттың түрлі бағыты бойынша заң шығару қызметіне белсенді араласады.

Партияның әйелдер қанаты қызметіндегі негізгі бағыттардың қатарында әйелдер көшбасшылығын ілгерілету, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, денсаулық сақтау, ғылымды дамыту, инклюзияны қолдау және әйелдердің өзін танытуына қажет мүмкіндіктерді кеңейту қадамдары бар. Өңірлерде, соның ішінде ауылдық елді мекендерде тұрып жатқан әйелдермен өзара ықпалдастыққа ерекше назар аударылады. Партия өңірлік құрылымдар арқылы кері байланыс орнатады, ұсыныстар жинақтайды және партия мен заңнама деңгейінде одан әрі қарауды қажет ететін мәселелерді айқындайды.

– Бүгінде «Әділет» партиясының әйелдер қанаты – жай пікір алмасу алаңы ғана емес, еліміздің барлық өңіріндегі белсенді әйелдерді біріктіретін кең ауқымды құрылым. Біз өңірлермен өзара ықпалдастық тетіктерін жетілдіріп, цифрлық құралдарды дамытып, әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобаларды жүзеге асырып келеміз, – деді «Әділет» партиясы Орталық аппаратының әйелдер қанаты қызметін қамтамасыз ету басқармасының басшысы Сайрангүл Жұмаділова.

Осылайша, Анкарадағы халықаралық алаң түркі мемлекеттеріндегі әйелдер көшбасшылығы мен қоғамдық бастамаларды дамыту және әйелдердің әлеуметтік-саяси үдерістерге атсалысуын кеңейту мәселелері бойынша тәжірибе алмасуға мүмкіндік туғызды.

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ ЖАСТАР ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚҰРАДЫ

Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы Ерлан Қошанов Петропавл қаласында өткен «Ұлттың жаңа болмысы: жастар және азаматтық жауапкершілік» атты республикалық жастар лагерінің жұмысына қатысты. Кездесудің басты тақырыбы президенттік реформалар, олардың жастар әлеуетін ашудағы рөлі және жас буынның Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын іске асыруға қатысуы болды. Солтүстік Қазақстан облысына сапары барысында Халық Кеңесінің мүшелері өңірдегі қоғам өкілдерімен кездесіп, аймақтың ғылыми-білім беру инфрақұрылымы мен Тайынша қаласындағы жаңа IT-орталықтың жұмысымен танысты.



Қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Ерлан Қошанов Президент Жолдауы елді терең жаңғыртуға, оның бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бағдарды айқындайтынын атап өтті. Бұл міндеттерді іске асыру бүкіл қоғамның жұмылуын талап етеді. Ал бұл ретте жастарға ерекше рөл жүктеледі. Халық Кеңесі Төрағасының айтуынша, Конституцияның қабылдануымен еліміздің дамуында жаңа кезең басталды. Негізгі Заң қуатты мемлекеттің іргетасын қалап, экономикалық өсімге, адами капиталды дамытуға және жас ұрпақты қоғамдық өмірге тартуға қажетті жағдайлар жасады. Референдумнан кейін Президенттің алғашқы кездесуін дәл жастармен өткізуі Мемлекет басшысының олардың пікірі мен көңіл күйіне ерекше мән беретінін көрсетеді. Өйткені ірі мемлекеттік жобалардың негізгі игілігін көретіндер – жас қазақстандықтар.

Еліміздің даму қарқынына тоқталған Ерлан Қошанов негізгі экономикалық көрсеткіштерді мысалға келтірді. Соңғы жеті жылда Қазақстанда жан басына шаққандағы ЖІӨ 50 пайыздан астам өсіп, 15 мың доллардан асқан. Сонымен қатар 3,6 миллион жаңа жұмыс орны ашылып, азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Білім беру саласында да айтарлықтай елеулі нәтижелер бар. Мәселен, осы уақыт ішінде 650 мыңнан астам грант бөлінді, студенттердің стипендиясы – 2,5 есеге, ал докторанттардың стипендиясы 3 еседен астамға өсті. Сондай-ақ 267 жатақхана пайдалануға берілді.

Халықаралық білім беру саласындағы ынтымақтастық та назардан тыс қалмады. Бұған жарқын мысал ретінде Kozybayev University мен Аризона университетінің бірлескен қос дипломдық бағдарламасын атап өтуге болады. Осы жылдың шілдесінде алғашқы 30 түлек қос жоғары оқу орнының дипломын алды. Олардың қатарында американдық университетте «Жылдың үздік түлегі» атанған Әмір Ағзамов та бар.

Халық Кеңесінің Төрағасы жастардың шетелдегі жетістіктері, олардың еңбегінің халықаралық деңгейде мойындалуы және еліміздің түрлі саласын дамытуға қосқан үлесі нағыз патриотизм мен ұлттық мақтаныштың үлгісі екенін атап өтті.

Оның айтуынша, заманауи патриотизм, ең алдымен, білімге ұмтылудан, жасампаз еңбек етуден, озық технологияларды меңгеруден және қоғам өміріне нақты үлес қосудан көрініс табады. Сонымен қатар ұлттық бірегейлікті сақтау, жаһандық деңгейде ойлау, тілдерді үйрену және заманауи цифрлық платформаларды пайдалана отырып, Қазақстанның бай рухани әрі мәдени мұрасын әлемге таныту маңызды.

Бұл ойды лагерьге жиналған жастар да жалғастырып, жас буынды Мемлекет басшысының бағытын іске асыруға белсенді тарту жөнінде өз идеялары мен ұсыныстарын ортаға салды. Қазақстан Халық Кеңесі аталған бастамаларға қолдау білдірді.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Найла Мұхтарова жас ұрпақтың бойында әділдік, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаттарына негізделген белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Оның пікірінше, цифрлық технологиялар қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға, ашықтықты арттыруға және өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге қосымша мүмкіндіктер береді. Сондықтан жастар бұл құралдарды белсенді пайдалануы қажет.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Басқарма мүшесі Әділхан Төлепберген жауапты көшбасшылықтың маңыздылығына назар аударды. Ол жас басшылардың өз бетінше шешім қабылдай білуі, командамен тиімді жұмыс істеуі және нәтижеге жауапкершілікпен қарауы керегін атап өтті. Сонымен қатар популизм мен басқарудағы әлсіздікке жол бермеу қажет екенін айтты. Мұндай ұстаным Мемлекет басшысы дәріптеп жүрген «Адал азамат» құндылықтарына сәйкес келеді.

Кездесу барысында «Халық Кеңесі» Жастар қозғалысын құру жөнінде маңызды бастама көтерілді. Бұл идеяны қолдаған Ерлан Қошанов жаңа құрылым ресми есеп үшін ғана жұмыс істейтін кезекті ұйымға айналмауы тиіс екенін ескертті. Оның пайымдауынша, бірлестік жастардың тың идеяларына жан бітіретін шынайы іс-қимыл алаңы болуы қажет. Осы орайда Төраға Мемлекет басшысының: «Жастар саясаты жастар үшін емес, жастармен бірге құрылуы керек», – деген қағидалы ұстанымын еске салды.

Жаңа қозғалыстың алғашқы кезеңінде оның құрамына еліміздің барлық аймағынан 126 жасты қосу ұсынылады. Бұл көрсеткіш Халық Кеңесі мүшелерінің санына сәйкес келеді. Осылайша, кеңестің әр мүшесі өзінің жас серіктесімен «кері тәлімгерлік» қағидаты бойынша байланыс орната алады. Бұл ұрпақтар арасындағы жүйелі байланысты жолға қоюға мүмкіндік береді.

Басым бағыттардың қатарында NEET санатындағы жастарды қолдау, олардың кәсіби білім алуына және жұмысқа орналасуына жәрдемдесу көзделген. Бұл ретте Астанада табысты жүзеге асырылып жатқан JOLTAP жобасын еліміздің барлық өңіріне тарату жоспарланып отыр. Өзіндік дербестік пен жасампаз еңбек құндылықтарын дәріптеу, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, масылдық көңіл күйге жол бермеу, сондай-ақ жастарды өмірлік мақсаттарына қол жеткізуде жеке жауапкершілік пен өз күшіне сүйенуге бағыттау маңызды міндеттің бірі болмақ. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, адалдық пен әділдік қағидаттарын орнықтыруға және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік көзқарасын қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Бұдан бөлек, цифрлық дағдыларды дамыту және дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу, соның ішінде Tomorrow School түлектерінің ауылдық IT-орталықтарға тәлімгерлік жасауы көзделеді. Сонымен қатар жастар нашақорлықтың, құмар ойындарға тәуелділіктің және интернет-алаяқтықтың алдын алу жұмыстарына, өңірлік қоғамдық кеңестердің қызметіне, кітап оқу мәдениетін және қазақстандықтардың жетістік тарихтарын насихаттауға тартылатын болады. Патриоттық тәрбие, волонтерлік қызмет, әлеуметтік және экологиялық жобалар да маңызды бағыттарға айналады.

Ерлан Қошанов бұл істе нақты нәтижеге қол жеткізу керек екенін атап өтті. Оның сөзінше, қозғалыстың басты мақсаты – форумдар мен съездер өткізу емес, адамдардың өмірін жақсартатын нақты істер атқару.

Қорытындылай келе, Төраға құрылатын жастар қозғалысы конституциялық жағдайда мемлекетке сенімді тірек болатынын атап өтті. Халық Кеңесі өзінің заң шығару бастамасы құқығы аясында жастардың ең маңызды ұсыныстарын сараптамадан өткізіп, заң жобаларына енгізе алады.

Бағдарламаның бір бөлігі өңірдің цифрлық жетістіктерімен танысуға арналды. Лагерь аясында ұйымдастырылған Digital Aimaq көрмесінде Халық Кеңесінің мүшелеріне Мемлекет басшысы қойған цифрландыру міндеттерінің облыста тек қалаларда емес, ауылдық жерлерде де қалай жүзеге асырылып жатқаны таныстырылды.

Бүгінде облыста аудандық және ауылдық деңгейде 14 IT-орталық ашылған. Мысалы, Смирново ауылының тұрғындары заманауи цифрлық платформалар мен жасанды интеллектіні күнделікті міндеттерді шешу және табыс табу үшін пайдалануды үйренуде. Бұл – Президент Жолдауында айтылған халықтық цифрлық экономика тұжырымдамасының нақты істегі үлгісі.

Жастар лагерінің жұмысына сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының қоғам өкілдерімен және этномәдени бірлестіктерімен өткен кездесулерге Қазақстан Халық Кеңесінің басшылығы мен мүшелері: Ләззат Шыңғысбаева, Жандос Ақтаев, Найла Мұхтарова, Ақнұр Тұрдалиева, Ислам Байрамуков, Руфина Усанова, Геннадий Зенченко, Ирина Эктова және Сәуле Мәлікова қатысты. Сонымен қатар іс-шараға Құрылтай депутаты Ақерке Ескендірова, Қазақстан Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының басшысы Ринат Зайытов, Astana Hub бас директоры Мағжан Мәдиев және JOLTAP жобасының жетекшісі Дана Жүнісова қатысты.

Жұмыс сапары аясында Халық Кеңесінің мүшелері Мағжан орталығына, «Ботай» ескерткішіне барып, сондай-ақ ел Тәуелсіздігінің 35 жылында Солтүстік Қазақстан облысының қол жеткізген негізгі жетістіктерін көрсететін экспозициямен танысты.



Нұрбақыт ТЕҢІЗБАЕВ,

Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі:

СПОРТҚА ИНВЕСТИЦИЯ – ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау ұсынысы еліміздің инфрақұрылымын дамытуға тың серпін беретін маңызды бастама деп санаймын.

Президент атап өткендей: «Осы жылдың аясында әр облыс орталығында, аудандарда, тіпті елді мекендерде азаматтық инфрақұрылым нысандарын салуға және жөндеуге белсенді түрде кірісеміз».

Бұл бастама халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, өңірлер арасындағы даму алшақтығын азайтуға және азаматтарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Жолдарды жаңарту, әуежайлар мен вокзалдарды дамыту, медициналық мекемелер салу, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталықтарын ашу – қоғам үшін аса маңызды міндеттер.

Сонымен қатар инфрақұрылымды дамыту аясында спорт саласына да ерекше көңіл бөлінуі қажет. Заманауи спорт кешендері мен алаңдарын көбейту, ауылдық жерлерде спорт инфрақұрылымының қолжетімділігін арттыру – бұқаралық спортты дамытуға және өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануына жол ашады. Спортқа салынған инвестиция – ұлт денсаулығы мен болашағына салынған инвестиция.

Депутат ретінде бұл бастамаларды қолдай отырып, инфрақұрылымдық жобалардың сапалы әрі уақытылы жүзеге асуына, бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуына және нысандардың халық игілігіне қызмет етуіне баса мән беру маңызды деп есептеймін.

Ел игілігіне бағытталған ауқымды құрылыс жұмыстары өңірлердің дамуына серпін беріп, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға қызмет етсін!



Нұркен БАҚЫТБЕКҰЛЫ,

Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі:

ЖОЛДАУДАҒЫ БАСЫМДЫҚ – «ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС» БАСТАМАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы негізгі тоқтамдар еліміздің қазіргі даму бағдарын, алдағы міндеттерін және оларды жүзеге асыру барысында ескеруге тиіс негізгі сын-қатерлерді қамтыды. Президентіміз елдің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және келешек ұрпаққа заманауи мемлекет қалдыру мәселелеріне басымдық берді.

Бұл міндеттерді жүзеге асыруда құрылыс саласының орны ерекше екеніне бірнеше мәрте тоқталып өтті. Мемлекет басшысының Қазақстанды ауқымды құрылыс алаңына айналдыру жөніндегі тапсырмасы осы тұрғыдан айрықша мәнге ие. Ұсынылған «Халықтық құрылыс» бастамасы елдің әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылымын жүйелі түрде жаңғыртуға бағытталған. Өзім де құрылыс саласына қатысты бастамаларға кәсіби маман ретінде ерекше назар аудардым. Әсіресе аталған бастаманың «Халықтық құрылыс» деп аталуының мәні терең. Өйткені құрылыстың түпкі нәтижесі жаңа ғимараттар санымен ғана емес, сол нысандардың халыққа қаншалықты қызмет ететінімен өлшенуге тиіс.

Осы ретте Президентіміз 2029 жылдың соңына дейін әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым нысандарын салу мен жаңғыртуға Ұлттық қордан шамамен 6,5 триллион теңге бағыттауды тапсырды. Жоспар аясында өңірлерде 70-ке жуық денсаулық сақтау нысаны салынып, білім беру, спорт және мәдениет салаларындағы 50-ге жуық нысанның құрылысы басталмақ.

Сонымен қатар елді мекендерді газбен және таза ауызсумен қамтамасыз етуге басымдық беріледі. Сондықтан да құрылыс саласының маманы ретінде «Халықтық құрылыс» бастамасының маңызын бірнеше қырынан бағалаймын:

Біріншіден, құрылыс – халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін сала. Жаңа аурухана, мектеп, спорт кешені немесе инженерлік желі жай ғана инфрақұрылым нысаны емес. Ол – тұрғындардың сапалы қызметке қол жеткізуі, балалардың қауіпсіз ортада білім алуы және өңірлердегі өмір сүру жағдайының жақсаруы. Сондықтан жобаларды жоспарлау кезінде әр облыс пен елді мекеннің нақты қажеттілігі ескерілуі керектігі нақты тапсырылды.

Екіншіден, құрылыс көлемімен қатар сапасына да айырықша басымдық берілуі қажет. Бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуы, жобалау мен құрылыс жұмыстарының белгіленген талаптарға сай орындалуы, нысандардың уақытылы пайдалануға берілуі және ұзақ мерзім қызмет етуі – басты өлшемдер. Мемлекет қаржысына салынған әрбір нысан халықтың сенімін ақтауы тиіс екендігі де басты назарда болуы шарт.

Үшіншіден, «Халықтық құрылыс» отандық кәсіпкерлік пен жұмыспен қамтуға серпін бере алады. Президентіміз құрылыс жобаларына жергілікті шағын және орта бизнес өкілдерін тарту жөніндегі ұстанымы осы тұрғыдан маңызды. Себебі өңірлік мердігерлерді, құрылыс материалдарын өндірушілерді және жергілікті мамандарды жұмысқа тарту қаражаттың ел ішінде айналуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және отандық өндірістің дамуына ықпал ететін факторлар болып табылады.

Ауқымды құрылыс жұмыстары жүйелі жоспарлауды, білікті кадрларды, сапалы құрылыс материалдарын және тиімді бақылау тетіктерін қажет етеді. Сондықтан жобалардың басымдықтарын дұрыс айқындап, қаржыландырудан бастап пайдалануға беруге дейінгі барлық кезеңде ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету маңызды. Себебі Мемлекет басшысы атап өткендей, келер ұрпаққа тек қаржылық қор қалдыру жеткіліксіз. Біз оларға заманауи инфрақұрылымы бар, экономикасы қуатты, азаматтары үшін қолайлы мүмкіндіктер қалыптастырған мемлекет қалдыруымыз керек.

Аяужан ӘШІМОВА,

Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі:

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ ТЫҢ ТЕТІГІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында кәсіпкерлікті дамыту, бизнеске қолайлы жағдай жасау және экономиканың сапалы өсімін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударды. Бұл бағыттағы басты міндет – кәсіпкерлердің санын көбейту ғана емес, олардың экономикалық әлеуетін арттыру, өндірісті дамыту және отандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігін күшейту.

Бүгінде кәсіпкерлік туралы сөз қозғағанда, көп жағдайда сауда және қызмет көрсету салаларын көз алдымызға елестетеміз. Бұл түсінікті де. Өйткені мұндай кәсіпте бастапқы инвестицияны қайтару мерзімі салыстырмалы түрде қысқа, тәуекелі де өндіріс саласына қарағанда төмен.

Алайда ел экономикасының ұзақмерзімді дамуы үшін тек тауарды сатып алып, қайта сатумен шектелу жеткіліксіз. Бізге өнім өндіретін, жаңа технология енгізетін, қосылған құны жоғары тауар шығаратын кәсіпорындар қажет. Сондықтан бүгінгі басты мәселе – кәсіпкерліктің санынан сапасына көшу. Осы тұрғыдан алғанда, шағын бизнестің орта бизнеске айналуына жағдай жасау ерекше маңызға ие. Шағын кәсіпкерлік халықты жұмыспен қамтып, нарықтың сұранысына икемді жауап береді. Ал орта бизнес өндірістік қуатты арттыруға, тұрақты жұмыс орындарын құруға, жаңа нарықтарды игеруге және экономиканың құрылымын өзгертуге мүмкіндік береді.

Бірақ кәсіпкердің өсуге деген ынтасы болуы үшін оған ең алдымен түсінікті әрі тұрақты ережелер қажет. Кәсібін кеңейтіп, жұмысшылар санын көбейтіп, өндіріс ашуға ұмтылған адам қосымша әкімшілік кедергілерге тап болмауға тиіс. Керісінше, мемлекет бизнестің іріленуіне, инвестиция тартуына және жаңа өндіріс орындарын ашуына ынталандырушы жағдай қалыптастыруы керек.

Президент ұсынған кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге қатысты мораторий мәселесіне де осы тұрғыдан қарауға жөн.

Мораторийдің мәні тек кәсіпкерлерді тексеруден уақытша босату емес. Бұл – мемлекет пен бизнес арасындағы сенімді нығайтуға, кәсіпкерлік мәдениетті жаңа деңгейге көтеруге берілген мүмкіндік. Мемлекет әкімшілік қысымды азайтып, кәсіпкерге еркіндік берген жағдайда бизнес те өз жауапкершілігін терең сезінуге тиіс. Заң талаптарын сақтау, салық міндеттемелерін адал орындау, қызметкерлердің құқықтарын қорғау, сапалы әрі қауіпсіз өнім ұсыну – мұның барлығы тек бақылаушы органның талабы емес, әр кәсіпкердің қалыпты жұмыс қағидасына айналуы қажет.

Біздің мақсатымыз – тексеруден қорыққандықтан заң сақтайтын емес, жауапкершілікті өзінің іскерлік ұстанымына айналдырған кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру. Әрине, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі бақылаудың мүлдем болмауын білдірмейді. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына, тұтынушылардың құқықтарына және адал бәсекелестікке қатысты талаптар сақталуға тиіс. Бұл жерде маңыздысы – бақылаудың әділ, ашық және тәуекел деңгейіне сай жүргізілуі.

Менің ойымша, мемлекет пен бизнес арасындағы қатынастың жаңа кезеңінде екі тараптың да міндеті айқын болуы керек. Мемлекеттің міндеті – қолайлы жағдай жасау. Бизнестің міндеті – сол мүмкіндікті нақты экономикалық нәтижеге айналдыру. Мемлекет тұрақты заңнамалық орта қалыптастырып, инфрақұрылымды дамытып, қаржыландыруға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, адал бәсекелестікке жағдай жасауы қажет. Ал кәсіпкер осы мүмкіндіктерді пайдаланып, өндірісін кеңейтуге, еңбек өнімділігін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және ел экономикасына үлес қосуға ұмтылуға тиіс.

Бұл ретте мемлекеттік қолдаудың нәтижесін де жаңаша бағалайтын уақыт келді. Біз қанша кәсіпкерге жеңілдік берілгенін немесе қанша қаржы бөлінгенін ғана есептеумен шектелмеуіміз керек. Қанша шағын кәсіпорын орта бизнес деңгейіне көтерілді? Қанша кәсіпкер саудадан өндіріске бет бұрды? Қанша жаңа өнім шығарылып, қанша тұрақты жұмыс орны ашылды? Отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі қаншалықты артты? Міне, мемлекеттік қолдаудың шынайы тиімділігін көрсететін өлшемдер осылар болуға тиіс. Осы міндеттерді жүзеге асыруда Құрылтай депутаттарының да жауапкершілігі жоғары.

Заң шығарушы орган ретінде біздің міндетіміз – кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін құқықтық нормаларды қайта қарау, салық және әкімшілік реттеудің тиімділігін арттыру, шағын бизнестің орта бизнеске өтуіне қолайлы заңнамалық негіз қалыптастыру. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау шараларының нақты нәтижесін бағалау, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын бақылау және кәсіпкерлер көтеріп жүрген жүйелі мәселелердің заңнамалық шешімін табу да депутаттық қызметтің маңызды бағыттары болуға тиіс. Әсіресе өңірлердегі кәсіпкерлікті дамытуға басымдық берген жөн. Өйткені өндіріс орындарының ашылуы, жергілікті шикізаттың өңделуі, жаңа жұмыс орындарының құрылуы өңір экономикасының дамуына тікелей ықпал етеді. Бұл өз кезегінде халықтың табысын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Біз кәсіпкерлікті тек жеке адамның табыс табу мүмкіндігі ретінде қарастырмауымыз керек. Кәсіпкерлік – елдің экономикалық қуатын арттыратын, қоғамның әл-ауқатына ықпал ететін маңызды күш. Сондықтан алдағы кезеңде мемлекет пен бизнес арасындағы қатынас өзара сенімге, түсінікті талаптарға және ортақ жауапкершілікке негізделуі қажет.

Бетті дайындаған Тілектүл ЕСДӘУЛЕТ

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

Әлеуметтік мемлекет құру азаматтарға жәрдемақы мен түрлі төлем үлестірумен шектелмейді. Оның басты міндеті – халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, әр адамның тұрақты табыс табуына, еңбек етуіне және лайықты өмір сүруіне мүмкіндік жасау. Осы мақсатта 2027 жылдан бастап әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібін өзгерту, көмекті азаматтардың нақты қажеттілігіне қарай саралау мәселесі күн тәртібіне шықты. Жаңа жүйе әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ете ала ма? Мемлекеттік қолдау кімге және қалай бағытталуы керек? Осы және өзге де мәселелер жөнінде Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Ләззат Қожахметовамен әңгімелестік.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ: МАСЫЛДЫҚТЫ ЕМЕС, МҮМКІНДІКТІ ҚОЛДАУ



– Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі азаматтарды әлеуметтік жағдайына қарай санаттарға бөліп, қолдау шараларын саралау мақсатында жұмыс істеп жатыр. Сіздің ойыңызша, халықты санаттарға бөлу тәсілінің тиімділігі қандай? Көмекке нақты мұқтаж азаматтардың жаңа жүйенің назарынан тыс қалмауы үшін тағы қандай тетіктер қажет?

– Әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту – уақыт талабы. Өйткені әлеуметтік мемлекеттің міндеті – көмектің шын мәнінде мұқтаж азаматтарға жетуін қамтамасыз ету.

Президент Жолдауында әлеуметтік саясатты қайта қарау қажеттігін баса айтты. Яғни әлеуметтік көмек әділ әрі нақты бағытталуы қажет. Себебі өмірлік жағдайы әртүрлі отбасыларға бір өлшеммен қарау әрдайым әділдік болып саналмайды.

2027 жылдан бастап республикалық бюджеттен төленетін 36 түрлі жәрдемақының 14 түріне мұқтаждық өлшемі енгізіледі. Қалған 22 төлем бұрынғы тәртіппен тағайындала береді. Яғни барлық әлеуметтік төлем тоқтатылады немесе барлық азамат жаңа талапқа көшеді деген түсінік дұрыс емес.

Жаңа жүйе «Отбасының цифрлық картасы» арқылы жұмыс істейді. Отбасының әл-ауқаты материалдық жағдайы және әлеуметтік тұрақтылығы бойынша бағаланады. Материалдық жағдайды анықтау үшін алты бағыттағы 59 көрсеткіш қолданылады. Оған отбасының табысы, жұмыспен қамтылуы, мүлкі, көлігі, кәсіпкерлік қызметі, ауыл шаруашылығы және несие міндеттемелері кіреді. Ал әлеуметтік тұрақтылықты бағалағанда отбасы мүшелерінің жасы, балалар мен қарттардың болуы, мүгедектік және созылмалы ауруы бар адамдар ескеріледі.

Осы көрсеткіштердің жиынтығы бойынша отбасылар бес санатқа бөлінеді. А санаты – әл-ауқаты жоғары, В – ауқатты, С – жағдайы қанағаттанарлық, D – экономикалық тұрғыдан осал, Е – экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қиын жағдайдағы отбасылар.

Қазақстанда 6,2 млн үй шаруашылығы бар. Оның ішінде А санатына 329 мыңға жуық отбасы немесе жалпы үй шаруашылықтарының 5,4 пайызы, В санатына 1 миллионнан астам отбасы немесе 15,1 пайызы жатады. С санатын шамамен 3,3 миллион отбасы құрайды. D санатына 1,4 миллионға жуық, Е санатына 128 мыңдай отбасы жатады.

Отбасының санаты бір ғана көрсеткішпен анықталмайды. Мәселен, үйдің немесе көліктің болуы автоматты түрде ауқатты екенін білдірмейді. Бағалау кезінде отбасының нақты табысы, шығыны, әлеуметтік жүктемесі және өмір сүру жағдайы кешенді түрде қарастырылады. Уақытша тіркеуде тұрған азаматтардың табысы отбасының ортақ табысына қосылмайды. Егер тұрақты тіркеуде тұрса қосылады.

Тағы бір маңызды мәселе – мүгедектігі бар азаматтар мен асыраушысынан айырылған балалардың әлеуметтік құқықтары қорғалған. III топтағы мүгедектігі бар адамдар мен асыраушысынан айырылған балалардың жәрдемақысы олар өз еркімен бас тартса ғана тоқтайды. Сонымен қатар 36 республикалық жәрдемақыдан бөлек, жергілікті бюджет есебінен де әлеуметтік көмек көрсетіледі. Оның түрлері мәслихаттардың шешімдерімен бекітіледі. Мысалы, қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға біржолғы көмек, емделуге арналған төлемдер, өрт, су тасқыны сияқты төтенше жағдайлардан зардап шеккен отбасыларға көмек көрсетіледі. Бұдан бөлек, ардагерлерге, мүгедектігі бар адамдарға, аз қамтылған және басқа да әлеуметтік осал санаттарға атаулы күндерге орай қаржылық төлемдер қарастыратын өңірлер бар. Кейбір жерлерде тұрғын үй-коммуналдық шығындарды өтеуге арналған қаражат та беріледі. Яғни республикалық бюджеттен берілетін жәрдемақылардан бөлек, жергілікті бюджеттен тағайындалатын жәрдемақылар да бар.

– Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың жаңа тәсілдерін және осы бағыттағы ақпараттық жүйелердің жұмысын алдын ала мұқият тексеру қажеттігін атап өтті. Әсіресе жаңа жобаларды алдымен пилоттық режимде сынақтан өткізіп, нәтижесі мен тиімділігі дәлелденгеннен кейін ғана кеңінен енгізуді тапсырды. Осы орайда Үкімет қандай нақты қадамдарға басымдық беруі керек деп ойлайсыз? Сіз депутат ретінде бұл реформаны жетілдіруге қатысты қандай ұсыныстар айтар едіңіз?

– Президенттің бұл тапсырмасы өте орынды. Өйткені әлеуметтік саясат – жай ғана ақпараттық жүйені іске қосу емес. Оның артында миллиондаған азаматтың тұрмысы, баланың қажеттілігі, отбасының күнделікті бюджеті тұр. Сондықтан жаңа алгоритмнің кемшіліктері отбасылардың әлеуметтік көмектен қағылуына әкелуі мүмкін.

Президент бірінші кезекте жаңа жүйені пилоттық режимде жаңжақты сынақтан өткізу қажетін айтты. Бұл жұмыс тек ірі қалаларда емес, ауылдық елді мекендерде де жүргізілуі керек. Өйткені ауылдағы отбасының табыс көзі, тұрмыстық шығыны мен мүліктік жағдайы қаладағы отбасымен бірдей емес. Пилоттық кезеңде көпбалалы, толық емес, жалғыз асыраушысы бар, мүгедектігі бар адам тұратын және табысы тұрақсыз отбасылардың жағдайы жеке зерттелуі қажет.

Екіншіден, «Отбасының цифрлық картасына» енгізілетін мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз ету керек. Жүйе мемлекеттік органдардың деректер базаларымен ықпалдастырылғанымен, бастапқы дерек қате болса, алгоритм де қате шешім қабылдайды. Мысалы, бір мекенжайда тіркелген адамдардың барлығы бір отбасы мүшесі болмауы мүмкін. Азаматтың атына тіркелген мүлік оның нақты пайдалануында болмауы да ықтимал. Сондықтан деректерді тексеру, түзету және азаматтың нақты жағдайын растау тетігі қолжетімді болуы керек.

Үшіншіден, азаматтарға өз отбасының қай санатқа жатқызылғанын және оның қандай көрсеткіштер негізінде анықталғанын түсіндіру қажет. «Жүйе солай анықтады» деген жауап жеткіліксіз. Адам өзінің табысы, мүлкі немесе басқа қандай деректері есепке алынғанын ашық көруге тиіс.

Әлеуметтік қолдау жәрдемақы түрінде емес, өз еңбегімен табыс табуға мүмкіндік беруі керек. Ол үшін сұранысқа ие мамандықтарға оқыту, қайта даярлау, шағын кәсіп ашуға қолдау көрсету және тұрақты жұмыс орындарын құру маңызды.

Төртіншіден, әлеуметтік санатпен келіспеген азаматтарға шағымданудың тиімді жолын қарастыру керек. Қажет болған жағдайда аудандық және қалалық деңгейде арнайы комиссиялар құрылып, оның құрамына әлеуметтік қорғау органдарының өкілдерімен қатар заңгерлер енгізілгені дұрыс.

Бесіншіден, әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім қабылданар алдында азаматқа алдын ала хабар беріліп, мәліметтерді тексеруге және түсініктеме ұсынуға мүмкіндік жасалуы керек. Егер жүйе қате ақпаратқа сүйеніп шешім қабылдаса, отбасы бірнеше ай бойы қаражатсыз қалмауға тиіс. Қате анықталған жағдайда төлемді қалпына келтіру тәртібі де жедел әрі түсінікті болуы қажет.

Депутат ретінде мен Үкіметке бірнеше нақты ұсыныс айтар едім. Біріншісі – жаңа әдістеменің барлық өлшемдері мен есептеу тәртібін қоғамға ашық жариялау. Әр азамат өзінің отбасы қандай негізде белгілі бір санатқа жатқызылғанын түсіне алуы керек. Екіншісі – әлеуметтік осал топтарға қатысты ерекше кепілдіктерді заңнамалық деңгейде нақтылау. Мүгедектігі бар азаматтардың, асыраушысынан айырылған балалардың, көпбалалы және жалғыз асыраушысы бар отбасылардың мүддесі бірінші кезекте қорғалуға тиіс.

Үшіншісі – пилоттық жобаның қорытындысын тәуелсіз бағалау. Қанша отбасы тексерілді, қаншасы басқа санатқа ауысты, қанша адамның төлемі тоқтатылды, қанша шағым түсті және олардың қаншасы қанағаттандырылды – осы деректер қоғамға ашық ұсынылуы керек. Төртіншісі – азаматтардың әлеуметтік жағдайын бағалау кезінде тек ресми табыс пен мүлікке емес, нақты тұрмыстық шығындарға, асыраушысындағы адамдар санына және отбасының ерекше жағдайларына назар аудару. Бесіншісі – әлеуметтік көмекті жұмыспен қамту шараларымен байланыстыру. Бірақ бұл ретте азаматты жұмысқа орналастыру мүмкіндігі нақты болуы керек. Ауылда немесе шағын елді мекенде жұмыс орны болмаса, жәрдемақы мерзімін қысқарту адамның жұмысқа орналасуына көмектеспейді. Сондықтан әр өңірдің еңбек нарығына сай оқыту, қайта даярлау, кәсіптік бағдар беру және тұрақты жұмыс орындарын құру қатар жүруі қажет.

Президенттің Жолдаудағы тапсырмасының негізгі мәні де осында деп ойлаймын, алдымен жүйенің тиімділігін дәлелдеу, содан кейін ғана оны кең көлемде енгізу керек. Әлеуметтік салада асығыс шешім қабылдауға болмайды. Өйткені реформаның нәтижесі мұқтаж азаматтардың құқығы қаншалықты қорғалғанымен өлшенеді.

– Сіздіңше, әлеуметтік көмектен еңбекке ынталандыруға көшу үшін жұмыссыз азаматтарды қайта даярлау, кәсіптік дағдыларын дамыту, шағын кәсіпкерлікті қолдау шаралары қаншалықты маңызды? Мемлекет азаматтың әлеуметтік көмек алушы емес, экономиканың белсенді мүшесіне айналуына қалай ықпал ете алады?

– Әлеуметтік мемлекеттің шынайы көрсеткіші – қанша адам жәрдемақы алып отырғаны емес, қанша отбасының кедейліктен шыққаны, қанша азаматтың тұрақты жұмысы мен лайықты табысы бар екені, балалардың сапалы білім мен медициналық көмекке қаншалықты қол жеткізгені.

Жалақы өскенімен, азық-түлік, дәрі-дәрмек, коммуналдық қызмет пен тұрғын үй бағасы одан жылдам өссе, оның тұрмыс сапасы жақсармайды. Сондықтан табыстың өсуі бағаның өсуінен жоғары болуы керек.

Президент Жолдауында 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеден 110 мың теңгеге дейін көтерілсін деді. Бұл өзгеріс 1,8 миллионға жуық азаматқа әсер етеді. Оның ішінде 370 мыңнан астам бюджет саласының қызметкері бар. Бұл – маңызды қадам. Бірақ жалақыны көтерумен қатар, оның сатып алу қабілетін сақтау қажет. Ол үшін инфляцияны төмендету, ішкі өндірісті дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы шаралар күшеюге тиіс.

Әлеуметтік қолдау жәрдемақы түрінде емес, өз еңбегімен табыс табуға мүмкіндік беруі керек. Ол үшін сұранысқа ие мамандықтарға оқыту, қайта даярлау, шағын кәсіп ашуға қолдау көрсету және тұрақты жұмыс орындарын құру маңызды. Әсіресе ауылдық жерлерге басымдық беру қажет. Ауылдағы азаматқа тек жәрдемақы емес, өнім өндіруге, оны өңдеуге және нарыққа шығаруға мүмкіндік керек. Ол үшін өнімді сақтайтын және өңдейтін кәсіпорындар ашу қажет. Әлеуметтік көмектің нәтижесін алушылар санының азаюымен ғана бағалауға болмайды. Сол көмекті алған отбасылардың қаншасы тұрақты жұмысқа орналасты, қаншасы өз кәсібін ашты, қаншасы кедейлік деңгейінен шықты – негізгі өлшем осы болуы керек.

Жалақы өскенімен, азық-түлік, дәрі-дәрмек, коммуналдық қызмет пен тұрғын үй бағасы одан жылдам өссе, оның тұрмыс сапасы жақсармайды. Сондықтан табыстың өсуі бағаның өсуінен жоғары болуы керек.

Президент Жолдауында 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеден 110 мың теңгеге дейін көтерілсін деді. Бұл өзгеріс 1,8 миллионға жуық азаматқа әсер етеді. Оның ішінде 370 мыңнан астам бюджет саласының қызметкері бар. Бұл – маңызды қадам. Бірақ жалақыны көтерумен қатар, оның сатып алу қабілетін сақтау қажет. Ол үшін инфляцияны төмендету, ішкі өндірісті дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы шаралар күшеюге тиіс.

Әлеуметтік қолдау жәрдемақы түрінде емес, өз еңбегімен табыс табуға мүмкіндік беруі керек. Ол үшін сұранысқа ие мамандықтарға оқыту, қайта даярлау, шағын кәсіп ашуға қолдау көрсету және тұрақты жұмыс орындарын құру маңызды. Әсіресе ауылдық жерлерге басымдық беру қажет. Ауылдағы азаматқа тек жәрдемақы емес, өнім өндіруге, оны өңдеуге және нарыққа шығаруға мүмкіндік керек. Ол үшін өнімді сақтайтын және өңдейтін кәсіпорындар ашу қажет. Әлеуметтік көмектің нәтижесін алушылар санының азаюымен ғана бағалауға болмайды. Сол көмекті алған отбасылардың қаншасы тұрақты жұмысқа орналасты, қаншасы өз кәсібін ашты, қаншасы кедейлік деңгейінен шықты – негізгі өлшем осы болуы керек.

Баспана – отбасының тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің негізі. Сондықтан тұрғын үй саясаты азаматтың атында пәтердің баржоғын анықтаумен шектелмеуі керек. Оның көлемі, отбасы мүшелерінің саны, тұрғын үйдің жағдайы және нақты қажеттілік ескерілуі қажет. Мысалы, көпбалалы отбасының атына шағын пәтер тіркелгенімен, ол барлық баланың қалыпты өмір сүруіне жеткіліксіз болуы мүмкін. Сол сияқты баспанасы бар, бірақ ипотекалық міндеттемесі ауыр отбасының да қаржылық жағдайы күрделі болуы ықтимал. Халықтың әл-ауқаты тек бүгінгі табыспен өлшенбейді. Оның болашағы – дені сау, сапалы білім алған ұрпақтың қалыптасуында.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында ауылдарды өркендетумен қатар ондағы жастардың әлеуетін арттыруға, бәсекеге қабілетті болып қалыптасуына тең жағдай жасаудың маңызы айқын көрініс тапты. Демек, ауыл жастарының мүмкіндігі қаладағы замандастары қол жеткізген игіліктерден кем болмауға тиіс. Бұл – әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды шарты.

ТЕҢ МҮМКІНДІК АУЫЛДАН БАСТАЛАДЫ



Негізі, азаматтардың қарым-қабілеті мен дарыны олар өскен ортаға, қол жеткізген мүмкіндіктерге байланысты дамиды. Қалаларда өскен азаматтың сапалы білім алу, өзін дамытуға бағытталған кешендер қызметін пайдалану мүмкіндігі біршама жоғары болатынын бұқара жақсы біледі. Әйтпесе ауыл баласының дарыны қаладағы замандастарының талантынан кем емес. Алайда қарым-қабілетті шыңдап, жетіле түсуге қажет мүмкіндіктер тең болмай тұрғаны аян. Рас, соңғы жылдары еліміздегі іргелі ауылдардың дамуында біршама ілгерлеушілік бар. Бірақ бәрінде бірдей емес.

Бір ауылда заманауи спорт кешені бар. Екіншісінде қарапайым спорт залы да жоқ. Бір жерде балалар робототехника, музыка және сурет үйірмелеріне қатысады. Ал кейбір ауылдарда мұндай мүмкіндік қарастырылмаған. Бұл – жеке ауылдардың ғана мәселесі емес, өңірлер арасындағы әлеуметтік мүмкіндіктер теңсіздігінің көрінісі.

Мұны спорт саласындағы көрсеткіштерден-ақ байқауға болады. Ұлттық статистика бюросының 2026 жылғы дерегіне сәйкес, спортпен айналысатын қала тұрғындарының үлесі 49,3 пайызды құрайды. Ауылда бұл көрсеткіш – 45 пайыз. Ал бос уақытында өз бетінше жаттығатындар қалада 22,2 пайыз болса, ауылда 13,7 пайыз ғана. Бұл деректер қала мен ауыл тұрғындарының спорттық белсенділігінде айырмашылық бар екенін көрсетеді.

Соңғы жылдары ауылдық жерлерде спорт нысаны көбейді. 2025 жылы пайдалануға берілген 147 спорт нысанының 107-сі ауылдарда орналасқан. Бұл құптарлық қадам. Бірақ ғимарат салу мәселені толық шешпейді. Ең маңыздысы – оның халыққа қызмет етуі. Спорт кешенінің тиімділігі тұрақты жаттығатын балалардың санымен өлшенуі керек. Үйірмелердің қолжетімділігі де маңызды. Білікті бапкердің болуы да басты талаптардың қатарына кіреді. Бөлінетін қаржының көлемі де, салаға жауапты тұлғалардың білім-білігі мен құзіреті де өзекті. Бір сөзбен айтқанда, бір-бірімен тығыз байланысқан факторлар жиынтығы деген сөз. Дегенмен әлеуметтік инфрақұрылымның коммерциялық нысандар емес екенін, олардың атқаратын қызметінің сыр-сипаты бөлек болатынын ескермек керек. Мұндай инвестицияның басты мақсаты – дене сау, білімді және белсенді ұрпақ қалыптастыруға ықпал ету. Сондықтан салынған әрбір нысан халықтың нақты қажеттілігіне қызмет етуі керек.

> **Президенттің биылғы Жолдауында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, соның ішінде шығармашылық үйлер, спорт кешендері, кітапханалар мен ғылыми орталықтар салуға қатысты айтқан міндеттерінің мәні де осында.**

Президенттің биылғы Жолдауында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, соның ішінде шығармашылық үйлер, спорт кешендері, кітапханалар мен ғылыми орталықтар салуға қатысты айтқан міндеттерінің мәні де осында. Бұл тек құрылыс жұмысы емес. Бұл – ауылдағы адам капиталын дамытуға бағытталған маңызды қадам, ұтымды шешім.

Бүгінде жастардың қалаға көшуін тек жұмыс пен жоғары білімге деген сұраныспен түсіндіруге болмайды. Оларға қолайлы әлеуметтік орта да қажет. Жас адамның спортпен айналысқысы, өнер үйренгісі, жаңа технологияны меңгергісі келеді. Егер туған ауылында мұндай мүмкіндік болмаса, ол мүмкіндікті қаладан іздейді. Бұл – заңдылық.

Мұның салдары да аз емес. Қабілетті жастардың қалаға шоғырлануы ауылдың интеллектуалдық әлеуетін әлсіретеді. Жергілікті кәсіпкерлік пен қоғамдық бастамалардың дамуына да кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан ауыл жастарына жағдай жасау өңірлік экономиканың болашағымен тікелей байланысты.

Ата-ана да баласының жақсы жағдайда өскенін қалайды. Оның сапалы білім алып, спортпен шұғылданып, қабілетін дамытуына мүдделі. Мұндай мүмкіндіктердің шектеулі болуы кейбір отбасылардың аудан орталығына немесе қалаға көшуіне түрткі болуы мүмкін.

Демек, ауылды дамыту жол салумен, сумен және электр энергиясымен қамтамасыз етумен, жұмыс орындарын ашумен ғана шектелмеуі керек. Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, білім алуына және өзін дамытуына жағдай жасалуы қажет.

Бұл бағытта дамыған елдердің тәжірибесі бар. Мәселен, Финляндияда жастар орталықтары маңызды әлеуметтік қызмет атқарады. Олар жастардың бос уақытын ұйымдастырады. Шығармашылықпен айналысуына және түрлі дағдыны меңгеруіне көмектеседі. Жапонияда да қоғамдық орталықтар білім, мәдениет және спортты біріктіреді. Мұнда музыка, сурет, қолөнер және спорт үйірмелері жұмыс істейді. Мұндай орталықтар жергілікті тұрғындардың сұранысына бейімделген.

Қазақстан да осы тәжірибені ескеруі керек. Әрине, әр ауылда жеке-жеке үлкен ғимарат салу тиімді бола бермейді. Халық саны мен елді мекеннің орналасуын ескерген жөн. Мәдениет үйі, кітапхана, спорт секциясы мен цифрлық білім беру алаңдары бір орталықта жұмыс істей алады. Бұл қаржыны үнемдейді. Сонымен бірге қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұған ұқсас тәжірибені Қызылорда облысынан көруге болады. Сыр өңірінің аудан орталықтарында кітапхана, музей, жастар және ардагерлер орталығын біріктірген «Руханият орталығы» жұмыс істейді. Осындай әмбебап орталықтарды тірек елді мекендерде салып, олардың құрамында спорттық және технологиялық бағыттағы үйірмелер мен алаңдар ұйымдастыру жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

Алайда ғимарат пен құрал-жабдық жеткіліксіз болса, сапалы маман тапшы болса, жақсы нәтиже күтуде қисынсыз екенін ескермек керек. Білікті жаттықтырушы болмаса, спорт кешенінің, ал цифрлық технологияларды үйрететін маман болмаса, кітапхананың әлеуеті толық пайдаланылмайды. Сондықтан ауылға педагогтерді, IT-мамандарын және шығармашылық жетекшілерді тартуға жағдай жасау қажет.

Цифрлық білімге қолжетімділік те маңызды. Бағдарламалау, робототехника және жасанды интеллектіні меңгеру ауыл жастары үшін де қолжетімді болуға тиіс. Ол үшін сапалы интернетпен қатар оқу бағдарламасы мен кәсіби мамандар қажет.

Осыған байланысты мәдениет үйлері мен кітапханаларды жастар білім алып, шығармашылықпен айналысатын заманауи орталықтарға айналдыру керек.

Сонымен бірге мемлекеттік саясаттың нәтижесін салынған нысандардың санымен ғана бағалауға болмайды. Ең бастысы – олардың қанша балаға қызмет көрсеткені және жастардың дамуына қаншалықты ықпал еткені. Осындай көрсеткіштер мемлекеттік инвестицияның тиімділігін анықтауға көмектеседі.

Президент 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауды ұсынды.

«Халықтық құрылыс» бастамасы елді мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға жаңа мүмкіндік береді. Ендігі міндет – осы мүмкіндікті тиімді пайдалану. Әрбір құрылыс жергілікті халықтың нақты сұранысына жауап беруі керек.

Түптеп келгенде, ауыл жастарына жағдай жасау – болашаққа салынған инвестиция. Бүгін спортпен шұғылданып, ғылымға қызығып, өнер үйренген ауыл баласының ертең ел дамуына үлес қосатын білікті маман болып қалыптасуына мүмкіндік туады. Сондықтан оның қабілетін ашу – мемлекеттің стратегиялық міндеті.

Ауылдың дамуын тек салынған мектептердің, жолдардың немесе спорт кешендерінің санымен бағалауға болмайды. Ең бастысы, сол мүмкіндікті қанша жас пайдаланып жүр? Қанша бала өз қабілетін дамыта алды?

Ауыл мен қала арасындағы алшақтықты азайту дегеніміз барлығын қалаға көшіру емес. Керісінше, әрбір жастың туған жерінде сапалы білім алуына, спортпен айналысуына және өзін дамытуына қажетті жағдай жасау.

Таланттың мекенжайы жоқ. Мүмкіндік те туған жеріне қарап бөлінбеуі керек.

Міне, Мемлекет басшысының Жолдауынан осындай ой түйдік. Өйткені әрбір жастың әлеуетін дамытуға жағдай жасау – мемлекеттік жастар саясатының маңызды міндетінің бірі.

Армангүл ТОҚТАМҰРАТ,
Құрылтай депутаты,
«Әділет» партиясы
фракциясының мүшесі

ЖЕМІСТІ ЖЕТІ ЖЫЛ

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

БАЛА ҚАМЫ БАСТЫ НАЗАРДА

2019-2026 жылдары балалардың әл-ауқатын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Президент тапсырмасымен бұл салада жүйелі реформалар жүргізілді. Соның арқасында құрғақ есепке құрылған бұрынғы бюрократиялық әдістен арылып, ең алдымен жас ұрпақтың келешегін ойлайтын жаңа тәсілге көштік.

Еркебұлан НҰРЕКЕШ



Мемлекет басшысы елдің ертеңі білім саласына тәуелді екенін бірнеше рет ескерткен. Сондықтан балалардың жанжақты дамуына жағдай жасалуы керек. Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы Жолдауында үш ауысымды және апатты мектептер мәселесін шешуді, қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты жоюды тапсырды. Сондай-ақ Үкіметке бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуді жүктелді. Заңсыз активтерді қайтарудан түскен қаржыны білім саласына жұмсау арқылы әлеуметтік теңсіздікті қысқарту міндетделді. Президент тапсырмалары жерде қалмай, нақты заңдарға, ұлттық жобаларға ұласты. 2019-2020 жылдары «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Осы кезеңде мектептегі орын тапшылығын жою жоспары дайындалды. 2022 жыл «Балалар жылы» деп жарияланып, саланың дамуына даңғыл жол ашылды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен «Келешек мектептері» жобасы жүзеге асырыла бастады. 2023 жылы Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры құрылды. Ал 2024-2026 жылдары «Бір бала – бір ваучер» қағидатына негізделген тиімді қаржыландыру тетігі енгізілді.

ЖАҢА МЕКТЕП – ЖАЙЛЫ ОРТА

2019-2026 жылдары Қазақстанның білім жүйесіндегі ең басты міндеттің бірі мектеп инфрақұрылымын түбегейлі жаңарту болды. Кейінгі жеті жыл ішінде 1,1 миллион оқушыға арналған 1 342 мектеп салынды. Қарқынды құрылыс нәтижесінде үш ауысымды мектептер саны 5 есе, апатты мектептер саны 2 есе азайды. Жалпы білім беру жүйесінде орын тапшылығы 4 есе төмендеді. Бұл жұмыстарға мемлекет қаржысы да, ірі бизнестің инвестициясы да тартылды.

Атап айтсақ, «Келешек мектептері» жобасы аясында 460 мың оқушыға шақталған 217 мектеп бой көтерді. Оның 84-і ауылда салынды. Жобаның арқасында үш ауысымды 54 мектептің, апатты жағдайдағы 12 мектептің мәселесі шешімін тапты, 100-ден астам білім ошағында орын жетіспеушілігі едәуір жеңілдеді.

Жемқорлардан қайтарылған қаржы есебінен 100 мыңдай оқушыға бағдарланған 90 мектептің құрылысы қолға алынды. Қазір осы 90 нысанның 83-і пайдалануға берілсе, 7 мектепті жыл соңына дейін салып бітіру жоспарланған.

Әрине, 2019-2026 жылдары салынған мектептердің сапасы бұрынғы ғимараттардан әлдеқайда артық. Жаңа білім ошақтары арнаулы пән кабинеттерімен, STEM-зертханалармен, робототехника сыныптарымен, спорт залдарымен, шығармашылық алаңдарымен түгел жабдықталған. Барлық жаңа мектепте ерекше қажеттілігі бар балаларға пандустар мен лифтілер орнатылған, санитарлық тораптар бейімделген. Балалардың қауіпсіздігін сақтау үшін цифрлық бейнебақылау, турникеттер, дабыл батырмалары қойылып, заманауи шешімдер қолданылған.

ҮЙІРМЕ – ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Аталмыш реформалардың нәтижесінде қазір 3,5 миллион бала, яғни Қазақстандағы мектеп оқушыларының 90%-ы қосымша біліммен қамтылды. Үйірмелер желісі екі есеге жуық кеңейіп, 2024 жылғы 1 713-тен 2026 жылы 2 896-ға жетті. Соңғы үш жылда 26 мыңға жуық орынға шақталған 48 жаңа нысан пайдалануға берілді. Бұл орталықтар жас ұрпақтың спортпен, музыкамен, бейнелеу өнерімен, робототехникамен және IT-мен еркін шұғылдануына қажет. Жуырда Президент тапсырмасымен 100-ден аса оқушылар сарайы, 50-ге жуық балаларды сауықтыру орталығы ашылмақ.

Әлеуметтік әділдік қағидаты әсте ұмытылған жоқ. Бүгінде 2,2 миллион оқушы спорт секцияларына, шығармашылық үйірмелерге тегін қатысады, оның 1 миллионға жуығы – ауылдағы балалар. Осы орайда қосымша білімге бөлінетін қаржының ашықтығын арттыратын «Бір бала – бір ваучер» жүйесі қалыптасқан.

Былтыр маусым айында спорт, шығармашылық және қосымша білім бағыттарын біріктірген ваучерлік жүйе алғаш рет пилоттық режимде 6 аймақта (Астана, Шымкент қалалары һәм Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда облыстары) іске қосылды. Биыл бұл қатарға тағы 5 өңір (Абай, Ақмола, Жамбыл, Павлодар, Түркістан облыстары) кіріп, жоба республиканың 11 аймағына таралды.

Қосымша білім алу үшін 770 мыңнан астам бала дербес ваучерге ие болды. Мемлекеттік тапсырысты жырымдамай, ақшаны тікелей балаға беру жүйесі бюджет қаржысын жылыстату фактілеріне тосқауыл қойды. Цифрлық құралдардың көмегімен 38 мың заңбұзушылық анықталып, 2,9 миллиард теңге үнемделді.

ТЕГІН АС – ТЕҢДІК КЕПІЛІ

Кейінгі жеті жылда оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету саясатының ауқымы кеңейіп, қамтылған балалар саны 3,5 еседей көбейді. 2019 жылы ақысыз ас-су 495,1 мың оқушыға бұйырса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 799 мыңға таяды. Биыл тегін ыстық тамақ ішетін оқушылар саны 1,7 миллионнан асты. Қаржыландыру көлемі де бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті: 2019 жылы мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыруға 14,9 миллиард теңге бөлінсе, 2021 жылы 31,8 миллиард теңге бөлінген. Ал 2026 жылы осы мақсаттағы қаржы көлемі 210 миллиард теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 14 еседей ұлғайды. Бұл қаражат оқушыларды тегін тамақтандырумен ғана шектелмей, асханалардың санитарлық-гигиеналық жағдайын, ас мәзірінің сапасын бақылауға да бағытталды.

БҮГІНГІ ҚАМҚОРЛЫҚ – ЕРТЕҢГІ ДАМУ

«2019-2026 жылдары жүзеге асқан өзгерістер адам капиталын даусыз дамытады», – дейді сарапшылар. Дүниежүзілік банк пен ЮНИСЕФ-тің теориялары бойынша ерте жастан дұрыс тамақтану әрі жайлы ортада оқу баланың зейінін ашып, когнитивті қабілетін жақсартады екен. Қазақстандағы реформалар ЭЫДҰ-ның озық тәжірибесіне толық сай келеді. Мамандар әсіресе қайтарылған активтерді мектеп құрылысына жұмсау жұмыстарын үлгі тұтарлық әрекет деп бағалайды. ЮНИСЕФ зерттеулеріне сүйенсек, мектептегі тамақтандыру жүйесіне салынған әрбір 1 доллар ұзақмерзімді перспективада экономикаға 7-ден 9 долларға дейін жанама пайда әкелетін көрінеді. Қысқасы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың білім саласындағы стратегиялық саясаты нақты нәтижесін беріп жатыр.



ЖАНСАРАЙ

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ



«ЖАЙДАРМАН»

Еліміз, сөзсіз, дамудың даңғыл жолына түсті, бірақ солай бола тұра, алдағы уақытта барлығымызды табандылық пен тынымсыздықты ту еткен қажырлы еңбекті талап ететін талай жылдар күтіп тұр.

Жуырда ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын тындап болып, осындай ойға келдік. «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» деп аталған бұл құжат-тағы бізді аталмыш ойға жетелеген мына жолдар болды: «Жалпы, кез келген реформаны іске асыру үшін заңдарды жетілдіру, саяси институттарды нығайту жеткіліксіз. Ең алдымен, сана жаңғыруға тиіс».

Өткір айтылса да, талассыз ақиқат! Кез келген күрмеуі көп мәселені еңсеру үшін оның шешімі де кешенді болуы керек. Сонда ол шешімдер тіпті күтпеген жерден жеміс беруі бек мүмкін. Бұл сөздеріміз «Жолдауға – қолдау» сипатындағы қызыл сөздің қыздырмасы емес, нақты өз тәжірибемізге, керек десеңіз, көпжылдық тәжірибемізге сүйеніп жасалып отырған тұжырым...

Тәуелсіз Қазақстан тарихында қатарына осынша адамды қабылдап, оларға тәлім-тәрбие беріп және сол үдерісті 25 жыл бойы жаңылмай жалғастырып келе жатқан ұйым кемде-кем. Тіпті болған да жоқ десек, ақиқаттың ауылынан алыс кетпейміз. Әлбетте, біз қоғамдық институттар тарапын айтып отырмыз. Ендеше оны тек «Жайдарман» ойындары деп, яғни жастардың көңіл көтеру, әзіл-оспақ сайысы ғана емес, Қазақстан жастарының басын біріктіріп отырған бірден-бір қозғалыс десек, тағы да артық айтты демессіздер...

Қатысушыларының негізін 12 мен 35 жас аралығындағы қазақстандықтар құрайтын қозғалыстың жалпы базасында үш жарым мыңға жуық команда тіркелген болса, орталық маусымның өзіне жыл сайын 200-250 команда, яғни екі мыңнан астам белсенді жас қатысады.

Қазір республикалық деңгейдегі бес негізгі лигамыз жұмыс істейді: Jaidarman Junior, Qazaqstan CUP, Ұлттық лига, Super Liga Almaty және Jaidarman TOP. Бұдан бөлек, еліміздің барлық өңірі мен республикалық маңызы бар қалаларын толық қамтитын 150-ге жуық жергілікті лига мен өкілдік бар. Жалпы алғанда, қазір елімізде «Жайдарман» қозғалысына тікелей не жанама қатысы бар үш жарым мыңға жуық команданың 35 мыңдай мүшесі бар.



Ал олардың әрқайсысы дерлік өз кезегінде көпшілік алдында сөйлеуге машықтанады, сахна мәдениетін меңгереді, сценарий жазу негіздеріне дағдыланады, топпен, яки ұжыммен жұмыс істеуді үйренеді, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытады, одан қалса, талғаммен киініп, талғаусыз тұтынудан арылады. Ал бұл – біздің ұтарымыз, бүгінгі еңбек нарығы сұрап отырған кадрлар бойынан талап етілетін негізгі қарым-қабілет.

Мұны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылғы Тамыз конференциясында: «Заман талабына сай бәсекеге қабілетті болу үшін терең біліммен қатар икемді дағдылар да өте маңызды», – деп, заманауи ұрпақты тәрбиелеудің негізгі бағдарлары ретінде айқындап берген еді.

Ілгеріде, әңгіме басында, кез келген тыңғылықты да табанды істің күтпеген «жемістерін» де беріп жататынын тілге тиек еткен едік. Көзі қарақты оқырман куә, бүгінгі әлемде ең қымбат ресурс – мұнай не алтын емес, адами капитал мен креативті ойлау қабілеті. Әлемді «әбігерге» салып жатқан жасанды интеллект – сол креативті ойлаудың жемісі. Ал креатив дегеніміз шығармашылық сөзінің заманауи нұсқасы ғой. Ендеше түртіп алыңыз: «жайдарманшылар» (бұрынғы, қазіргі, мүмкін болашақ) – отандық креативті индустрияның локомотиві.

Естеріңізде ме, «қазақ кинематографиясы қашан дамиды, қашанғы жұрттың қаңсығын таңсық қылып отырамыз?!», «интернетті ашсаң, қазақшадан басқасының бәрі бар?!» деген сияқты сұрақтар осыдан он жыл бұрын өте өзекті еді. Ал қазір ше?! Қазақ кинотуындылары шетелдік бәсекелестерін елден түгел ысырып тастады десек болады. Алғашқы миллиардтық касса жинаған фильмдер, алғашқы миллиондық көрермен жинаған картиналар және тағы басқа қазақ киноиндустриясының рекордын жаңартқан жаңалықтар – «жайдарманшылар» еңбегі.

Сеніңіз, сенбеңіз, еліміздің киноиндустриясы, отандық телеарналар, YouTube және digital-платформалардағы ең көп қаралым жинайтын, экономикалық тұрғыда табысты жобалардың басым бөлігі – осы «Жайдарман» (КВН) қозғалысы шекпенінен шыққандардың еңбегі.

Нұрлан Қоянбаев, Тұрсынбек Қабатов, Нұртас Адамбай, Дәурен Айдарқұлов, Марат Оралғазин, Еркебұлан Мырзабек, Қанат Әлжапбаров, Ақболат Өтебай, Нұрсұлтан Үсенов... бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Кезінде сахнада «әкәку» деп жүрген осы жігіттер бүгінде үлкен продюсерлік орталықтар ашып, отандық кино нарығын қалыптастырып, мыңдаған адамды жұмыспен қамтып отыр. Бұл креативті индустрияға қосылған елеулі үлес, ел экономикасына келтірілген нақты пайда емес пе?!

Мақтанғанымыз емес, жиырма бес жыл өмірімізді арнаған істің ауқымы бүгінде республика шеңберінен әлдеқашан асып кетті. Көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан және Түркиядан арнайы келіп қатысып жүрген командалар «Жайдарманды» қазақ тілі мен мәдениетін таратын «жұмсақ күшке» айналдырды.

Алайда сыртқа ықпал ететіндей мұндай «жұмсақ күштің» негізгі тірегі де, қайнар көзі де өзіміздің ішкі әлеуетіміз. Ұлттық брендті халықаралық деңгейге көтеріп жүргендер – бөтен емес, өзіміздің қаракөздер. Шалғай ауылдар мен шағын қалалардан шыққан қарапайым қазақ баласы осы алаң арқылы өзіне деген сенімін оятады, шетелге кетпей-ақ өз елінде маман ретінде қалыптасуға болатынын түсінеді. Бұл да болса біздің қозғалыстың діттеген мақсатының бірінің орындалғанының айқын дәлелі.

Қорыта айтар болсақ, бұл Жолдаудағы «Ұлттық қор есебінен ел экономикасын ынталандыру», «шағын және микробизнесті тексеруге мораторий жариялау», «инфрақұрылымды қаржыландыру», «Жаңа Азаматтық кодексті жасақтау», «әлеуметтік төлемдерді реформалау» секілді көтерілген бастамалар мен берілген тапсырмалар – еліміздің әр азаматының, яғни миллиондардың өміріне өзгеріс әкелетін тектоникалық өзгерістер деп бағамдаймыз өз басымыз. Ал олардың жүзеге асуы үшін Президент атап өткендей, тек заң талабының өзгеруі немесе жоғарыдан бұйрық түсуі жеткіліксіз, бұл өзгерістердің орын алуы үшін оның басқасында өзіміз жүруіміз керек.

«Әрекет түбі – берекет» деген халқымыз. Сондықтан мейлінше ширақ болып, отаншыл азамат екенімізді жасампаз істермен көрсету аса маңызды» деді өз сөзінде Мемлекет басшысы. Біз – «жайдарманшылар» – бірер жыл емес, ондаған жыл қатарынан «отаншыл азамат» деген осы бір биік мәртебенің үдесінен шығуға талпынып келе жатқан, талпына да бермек қозғалыспыз! Өйткені Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқан «сананы жаңғыртуға» жылдар бойғы табанды еңбек керек екенін тұла бойымызбен һәм түпсанамызбен тұтастай түсінеміз.

ҚОЗҒАЛЫСЫ – ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ



Қатысушыларының негізін 12 мен 35 жас аралығындағы қазақстандықтар құрайтын қозғалыстың жалпы базасында үш жарым мыңға жуық команда тіркелген болса, орталық маусымның өзіне жыл сайын 200-250 команда, яғни екі мыңнан астам белсенді жас қатысады.

Есен ЕЛЕУКЕН,
«Жайдарман» қозғалысының жетекшісі

СҰХБАТ

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ



Меруерт ӨТЕКЕШОВА: «Қыз Жібек» – өмірімдегі ең үлкен мектеп

Қазақтың Қыз Жібегінің даңқына қылау түсірмеген әйгілі актриса Меруерт Өтекешова өткен айда Атырауға келді. Даңқты драматург Рақымжан Отарбаевтың рухына арналған халықаралық театр фестиваліне арнайы шақырылған құрметті қонақпен кездесіп, сұхбаттасудың сәті түсті.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет», «Парасат» орденінің иегері Меруерт Қаратайқызымен болған жылы сұхбат сонау «Қыз Жібек» фильмі түсірілген сәттерден бастап, актрисаның өмір жолы, өмірлік ұстанымдарына қарай ойысты. Қалың оқырманның есіне сала кетсек, Меруерт Өтекешова 1968 жылы Алматы қаласындағы №66 мектепті тәмамдаған бойда әйгілі киноның бас кейіпкерінің рөлін сомдауға шақырту алған болатын.

Меруерт Өтекешова үшін «Қыз Жібек» фильмі – өнер жолындағы алғашқы үлкен белес қана емес, өміріндегі ерекше кезеңнің естелігі. Араға жылдар салып Парижде қазақ тілінде көрсетілген туындының көрермен көңілінен шығуы да актриса үшін айрықша қуаныш болды.

– Меруерт апай, «Қыз Жібек» фильмінің Парижде көрсетілгеніне де үш жылдай уақыт өтіпті. Десек те, бұл қазақ киносы үшін де, көрермен үшін де ерекше оқиға болды. Бізге айтыңызшы, шетелдік аудиторияның фильмді қабылдауы қандай әсер қалдырды?

– Фильмнің режиссері Сұлтан Қожықов 2023 жылы 100 жылдығын атап өтер еді. «Қыз Жібек» фильмінің Парижде қазақ тілінде көрсетілуі де осы тарихи датаға арналды. Фильм екі бөлімнен тұратын толық нұсқасында ұсынылды. Әрине, француз көрермендері екі сағат бойы фильмді қалай қабылдар екен деген ой болды. Өйткені туындының тілі де, ұлттық бояуы да, оқиғасы да өзге мәдениет өкілдеріне бірден түсінікті болмауы мүмкін ғой.

Бірақ көрермендер фильмді соңына дейін тамашалап, қазақтың әндерін тыңдады. Көрсетілім аяқталғаннан кейін де асықпай, өз әсерімен бөлісті. Арасында Францияда тұратын отандастарымыз да, шетелдіктер де болды. Мұның бәрі бізге ерекше қуаныш сыйлады.

Кино – халықтың мәдениетін, дүниетанымын, салт-дәстүрін танытатын үлкен өнер. «Қыз Жібек» арқылы қазақтың әні мен әсемдігі, сезімі мен мінезі өзге елдің көрерменіне жетіп жатса, бұдан артық бақыт бар ма?! Бұл – ұлттық өнеріміздің өміршеңдігін көрсететін маңызды оқиға.

– «Қыз Жібек» фильміне түскен кезіңізге оралсақ. Ол кезде сіз өнер жолындағы жас маман едіңіз. Басты рөлге қалай таңдалдыңыз?

– Ол кезеңде үлкен экранға кино шығару бүгінгідей оңай болған жоқ. Әрбір туындыға үлкен дайындықпен келіп, әр рөлге лайықты актерді іздейтін.

«Қыз Жібек» фильмінің кастингіне көптеген қыз қатысты. Ол кезде өте талантты актрисалар көп еді. Кез келген рөлді алып шығатын, сахнада да, экранда да өзіндік болмысы бар өнер иелері болды. Бірінен-бірі өткен сұлу қыздар да аз емес.

Қазақтың қыздары қазір де ерекше әдемі. Бірақ актерлік өнерде сыртқы сұлулықтың өзі жеткіліксіз. Адамның білімі, ішкі сезімі, таланты, кейіпкердің жан дүниесін түсіне білуі маңызды. Экранға түскенде адамның шынайы болмысы ашылады. Өйткені кино түсіретін ортада «камера сүйетін адам» деген түсінік бар. Кейде өмірде өте сұлу адам камера алдында сол сұлулығын көрсете алмауы мүмкін. Ал кейбір адамның жан дүниесіндегі ерекшелік экраннан бірден байқалады.

Іріктеуден өткеннен кейін бізді камераға түсіріп, жан-жақты тексерді. Көркемдік кеңестің бекітуінен өту де оңай болған жоқ. Ақыры рұқсат беріліп, фильмге түсу бақыты бұйырды.

Ол кезде киноның менің өмірime осындай үлкен өзгеріс әкелетінін толық түсіндім деп айта алмаймын. Жас болдым. Алдымда қандай жол күтіп тұрғанын білмедім. Бірақ сол фильм менің бүкіл өнер жолыма ықпал еткен ерекше мектепке айналды.

– Экрандағы Төлеген мен Жібектің махаббаты көрерменнің жүрегіне жол тапты. Сол кинода Құман Тастанбековпен бірге жұмыс істеген сәттермен бөлісseңіз.

– Құман аға өнерде ғана емес, өмірде де жаны сұлу адам еді. Мен үшін дүниедегі ең сұлу адам – әкем. Одан кейін Құман аға деп айтар едім. Оның адамгершілігі, ішкі мәдениеті, болмысы ерекше болатын.

Кино түсірілімінде бір-бірімізге ғашық болмасақ та, экран арқылы ғашық жандардың сезімін шынайы жеткізуге тырыстық. Актердің міндеті де – өзі сезінбеген дүниені кейіпкердің жан дүниесі арқылы көрерменге сенімді етіп жеткізу. Бұл үшін рөлді сырттай сомдау жеткіліксіз. Кейіпкердің ішкі әлеміне еніп, оның қуанышы мен қайғысын, арманын түсінуің керек.

Құман аға екеуміздің шығармашылық жолымызда Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының да орны ерекше. Бұл театр екеуміз үшін үлкен мектеп болды. Өміріміздің талай белесі осы сахнамен байланысты өтті.

Мен Құман ағаны көпшіліктің алдында әрдайым құрметпен «аға» деп атаймын. Үйде басқаша атайтынмын. Бірақ ел алдында ол кісінің орны бөлек екенін әрдайым сезінемін. Қадірін білемін, ерекше құрметтеймін.

– Фильмге түскеннен кейін кәсіби актерлік білім алуды ұйғардыңыз. Ұстаздарыңыздың қайсысы сізге ерекше әсер етті?

– Кино түсірілімі аяқталғаннан кейін 1969-1973 жылдары Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік өнер институтының театр факультетін бітірдім. Актерлік өнерді терең меңгеру үшін білім мен тәжірибе қажет екенін түсіндім. Менің ұстаздарымның қатарында қазақ театрының көрнекті өкілдері болды. Солардың бірі – ҚСРО Халық әртісі Хадиша Бөкеева. Ол кісіден тәлім алу мен үшін үлкен мәртебе еді. Хадиша апайдың өнері мен ұстаздық өнегесі бізге көп нәрсе үйретті.



Мектеп жасымда Анна Дмитриевна деген ұстазым болды. Оны да ешқашан ұмытпаймын. Адамның өмір жолында із қалдыратын жандар болады. Кейде олардың бірауыз сөзі, берген бағыты немесе өнерге деген көзқарасы кейінгі тағдырыңа әсер етеді.

Кино әлеміне тау тұлға Сұлтан Қожықов сияқты шеберлердің еңбегі арқылы келдік. Театрға келгенде де мықты режиссерлерден тәлім алдық. Солардың әрқайсысы бізге өнердің жауапкершілігін, сахна мәдениетін, кейіпкерге деген құрметті үйретті.

Мен өзімді өте бақытты адаммын деп санаймын. Өйткені өнерге келген кезімде айналамда қазақ мәдениетінің ірі тұлғалары жүрді. Олардың жанында жүріп жұмыс істеу – өз алдына бір университет.

– Сіз «Қыз Жібекке» түскенде кәсіби актерлік білім алып үлгермеген едіңіз. Осындай ауқымды кинода жұмыс істеу қиын болған жоқ па?

– Әрине, қиындық болды. Жалпы, актриса болу үшін кемінде төрт жыл білім алу керек. Ал мен үлкен көркем фильмге арнайы актерлік оқу орнын бітірмей тұрып түстім.

Бірақ менің жанымда қазақтың керемет актрисасы Фарида Шәріпова, бір өзі бір мектеп Асанәлі Әшімов, тума талант Кененбай Қожабеков сынды қазақ өнерінің алыптары болды. Олардың әрқайсысы – өз алдына үлкен тұлға, үлкен мектеп. Сол кісілермен бірге жұмыс істеудің өзі маған мол тәжірибе берді.

Осындай өнер иелерінің қасында жүріп, олардың кейіпкерге қалай қарайтынын, рөлді қалай зерттейтінін, әр көрініске қалай дайындалатынын көрдік. Көп нәрсені солардан үйрендік.

Кейде адамға біліммен қатар жақсы орта да қажет. Өйткені нағыз шеберлердің жанында жүрсең, олардың еңбекке деген көзқарасы саған да жұғады. Олардан алған қуат пен тәжірибе кейінгі өмірімде үлкен тірек болды.

– Жібек бейнесі қазақ қызының сұлулығы мен нәзіктігінің символына айналды. Алайда сіз Жібектің батылдығына да ерекше мән бересіз. Неліктен?

– Өйткені Жібек тек сұлу қыз немесе ғашық болған кейіпкер ғана емес. Оның бойында қайсарлық, батылдық, адамгершілік бар. Мен үшін осы қасиеттері өте маңызды.

Фильмдегі Төлеген мен Бекежанның арасындағы жанжал кезінде Жібектің екі жақтың қантөгісіне жол бермеуге ұмтылуы – оның ішкі күшін көрсететін сәттердің бірі. Ол өз сезімін ғана ойламайды, адамдардың амандығын да ойлайды. Қауіпке қарамастан, екі батырдың арасында түсіністік орнатуға тырысады.

Міне, қазақтың қызы қандай болуы керек дегенде, мен осындай мінезді айтар едім! Қазақтың тарихында Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова сияқты батыр қыздарымыз бар. Олар Отан үшін жанын аямаған. Олардың ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі.

Мен де өмірде адалдықты, батылдықты жоғары қоямын. Өтірік пен сатқындықты жек көремін. Адамның қандай екенін оның сөзіне қарап қана емес, ісіне қарап бағалау керек. Өйткені мінез адамның әрекетінен көрінеді.

Қазақ қызы нәзік те болсын, бірақ қажет кезде өз ойын ашық айтып, дұрыс деп санаған жолынан таймауы керек. Сұлулық пен қайсарлық бір-біріне қайшы қасиеттер емес. Адамның шынайы сұлулығы оның жан дүниесімен, тәрбиесімен, адалдығымен өлшенеді.

– «Қыз Жібек» фильмінде қазақтың салт-дәстүрі, әні мен ұлттық болмысы кеңінен көрініс тапқан. Сіздің ойыңызша фильмнің бүгінге дейін көрерменін жоғалтпауының сыры неде?

– Бұл фильмнің өміршеңдігі оның ұлттық рухында деп ойлаймын. Мұнда қазақтың әні де, әдет-ғұрпы да, киім үлгісі де, адамдар арасындағы қарым-қатынасы да бар. Бірақ ең маңыздысы – адам сезімі. Махаббат, адалдық, арман, өкініш, адамдық қасиеттер ешқашан ескірмейді.

Уақыт өзгереді, ұрпақ ауысады. Бірақ шынайы өнердің құндылығы жоғалмайды. Жастар фильмді көргенде қазақтың бұрынғы өмірін ғана танып қоймай, кейіпкерлердің мінезі арқылы өздеріне де ой түйеді.

Фильмдегі Жібек бейнесі бүгінгі қыздарға да жақын деп ойлаймын. Өйткені ол өз сезіміне адал, сонымен бірге айналасындағы адамдарға бейжай қарай алмайтын жан. Оның бойындағы адамгершілік пен батылдық – кез келген кезеңде маңызды қасиеттер.

Ал Париждегі көрсетілім осы ойымды тағы бір мәрте дәлелдеді. Қазақтың ұлттық туындысы өзге елде де көрерменнің жүрегіне жол таба алады. Ол үшін өнердің тілі шынайы болуы керек.

– Әңгімеңізді қорытындылай келе, бүгінгі жас актерлерге не айтар едіңіз?

– Ең алдымен, өз мамандығыңды жақсы көруің керек. Өнерді тек атақ пен танымалдық үшін таңдауға болмайды. Бұл сала үлкен еңбек пен төзімділікті талап етеді. Кейде өзің күткен рөл бұйырмайды, кейде еңбегің бірден бағаланбайды. Сондай кезде де ізденуді тоқтатпау қажет.

Актерлік өнерде жүрек тазалығы маңызды. Кейіпкерді түсіну үшін адамды түсіне білуің керек. Ал адамды түсіну үшін өмірді тану қажет. Көп оқу, іздену, бақылау, өзіңді дамыту – мұның бәрі актердің қалыптасуына әсер етеді.

Жас әріптестеріме талантарыңды бағалаңдар, бірақ тек талантқа сеніп қалмаңдар дер едім. Еңбек етіңдер, жақсы ұстаздардан үйреніңдер, өздеріңді жетілдіріңдер. Ең бастысы, өнерге адал болыңдар. Өйткені жүректен шыққан дүние ғана көрерменнің жүрегіне жетеді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚОВА

ӘЛЕУЕТ

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУДЫҢ жаңа СЕРПІНІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында жарияланған «Халықтық құрылыс» бастамасы еліміздің барлық өңірінде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болды. Президент құрылыс саласын ұлттық экономиканы жандандыратын, кәсіпкерлікті дамытатын және жүз мыңдаған адамды жұмыспен қамтитын стратегиялық бағыт ретінде айқындады. Бұл міндеттер Маңғыстау облысы үшін де айрықша маңызға ие. Өйткені өңірде кейінгі жылдары құрылыс қарқыны артып, тұрғын үймен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстардың түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттырумен қатар өңірдің экономикалық әлеуетін нығайту.

Мадияр ТӨЛЕУ

Маңғыстау облысында 2025 жылдың қорытындысы бойынша 858 536 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген екен. Бұл 2024 жылғы 831 979 шаршы метр көрсеткіштен біршама жоғары. Былтыр аймақта 1 541 жаңа тұрғын үй ғимараты пайдалануға берілді. Оның ішінде 1 490-ы жеке тұрғын үй, 48-і көппәтерлі тұрғын үй болса, қалған үшеуі жатақхана.

Қалалар мен аудандарды жекелей қарағанда да тұрғын үй құрылысының ауқымы айқын көрінеді. Мысалы, Ақтау қаласында 65 тұрғын ғимарат пайдалануға берілсе, оның 33-і жеке тұрғын үй, 32-сі көппәтерлі тұрғын үй. Жаңаөзен қаласында 264 тұрғын үй ғимараты пайдалануға берілсе, оның 257-сі жеке тұрғын үй, 7-еуі көппәтерлі тұрғын үй.

Биыл да тұрғын үй құрылысының көлемін арттырып, 860 мың шаршы метрге жеткізу көзделген екен. 2026 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша облыста 367,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы кезеңде жалпы саны 957 жаңа тұрғын үй ғимараты салынған. Оның ішінде 941-і – жеке тұрғын үй, 16-сы – көппәтерлі тұрғын үй. Көптеген құрылыс жыл соңына жақын аяқталып, пайдалануға берілетінін ескерсек, көрсеткіш өткен жылғыдан асып түсері анық.

Биыл қалалар мен аудандар бойынша жіктесек, Ақтау қаласында – 22 тұрғын үй (16 жеке және 6 көппәтерлі), Жаңаөзен қаласында 225 тұрғын үй (215 жеке және 10 көппәтерлі) пайдалануға берілді. Бейнеу ауданында – 137, Қарақия ауданында – 48, Маңғыстау ауданында – 50, Мұнайлы ауданында – 365, Түпқараған ауданында 110 жеке тұрғын үйдің құрылысы аяқталды.

Әсіресе Мұнайлы ауданы мен Жаңаөзен қаласындағы көрсеткіштер тұрғын үй құрылысының өңірлік ауқымда дамып келе жатқанын айғақтап отыр. Ал тұрғын үйлердің пайдалануға берілуі – жүздеген отбасының баспаналы болып, тұрмыс жағдайының жақсаруына мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік нәтиже.

БАСТЫ МАҚСАТ – ХАЛЫҚҚА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы Жолдауындағы «Халықтық құрылыс» бастамасы құрылыс саласына тың серпін беріп қана қоймай, өңірлердің ұзақмерзімді даму мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді. Мемлекет басшысы инфрақұрылымды жаңғырту жоспарын жүзеге асыру үшін 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн теңге бағыттау көзделіп отырғанын атап өтті. Оның ішінде 2026 жылы және 2027 жылдың алғашқы екі айында әлеуметтік жобаларды бастауға 1,5 трлн теңге қарастыру жоспарланған. Бағдарлама аясында денсаулық сақтау, білім беру, спорт және мәдениет нысандарын салу, көлік және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, халықтың таза ауызсу мен газға қолжетімділігін жақсарту көзделген.

Бұл бағыттар Маңғыстау облысы үшін де өте өзекті. Өңірде халық саны артып жатыр, жаңа тұрғын үй алаптары қалыптасып, елді мекендер кеңейді. Сондықтан әлеуметтік нысандарға, сапалы жолдарға, ауызсу мен инженерлік желілерге деген қажеттілік артты. Сонымен қатар құрылыс саласының дамуы жергілікті кәсіпорындар үшін жаңа мүмкіндіктер қалыптастырады. Құрылыс материалдарын өндіру, тасымалдау, жобалау, мердігерлік және сервистік қызметтерге сұраныстың артуы шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етеді. Жаңа жобалар арқылы қосымша жұмыс орындары ашылып, жергілікті мамандардың кәсіби тәжірибесін арттыруға жағдай жасалады.

Президент атап өткендей, ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда отандық кәсіпорындардың әлеуетін барынша пайдалану маңызды. Бұл қаражаттың ел ішінде айналымда болуына, өндірістің дамуына және өңірлік экономиканың нығаюына мүмкіндік береді.

Маңғыстау облысының құрылыс саласындағы көрсеткіштері өңірде тұрғын үй және инфрақұрылымдық құрылыстың жүйелі түрде дамып келе жатқанын көрсетеді. 2025 жылы 440,7 млрд теңгенің құрылыс жұмыстары орындалып, 858,5 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілсе, 2026 жылдың алғашқы тоғыз айында құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі 106,4 пайызға, тұрғын үй құрылысының индексі 112 пайызға жетті. Алдағы кезеңдегі негізгі міндет – осы оң динамиканы сақтап, құрылыс сапасына, нысандардың уақытылы пайдалануға берілуіне және инфрақұрылымның қолжетімділігіне басымдық беру.

Өйткені құрылыс саласының нәтижесі тек пайдалануға берілген нысандардың санымен немесе игерілген қаражат көлемімен өлшенбейді. Оның басты көрсеткіші – тұрғындардың жаңа баспанаға қол жеткізуі, елді мекендердің көркеюі, сапалы жолмен жүруі, таза ауызсумен қамтылуы және заманауи әлеуметтік нысандарды пайдалану мүмкіндігі.

Мемлекет басшысының «Халықтық құрылыс» бастамасы да осы мақсаттарды көздейді. Ал Маңғыстауда қалыптасқан құрылыс әлеуеті мен қол жеткізілген оң көрсеткіштер өңірдің бұл ауқымды жалпыұлттық іске өз үлесін қосуға мүмкіндігі мол екенін аңғартады. Бүгінгі құрылыс – ертеңгі өркендеудің негізі. Ең бастысы, салынып жатқан әрбір тұрғын үй, әрбір жол мен инженерлік желі Маңғыстау халқының игілігіне қызмет етіп, өңірдің жарқын болашағына берік негіз қалауға тиіс.

Бұл көрсеткіштер өңірде құрылыс жұмыстарының бірнеше бағыт бойынша қатар дамып келе жатқанын аңғартады. Әсіресе инженерлік желілерді, жолдарды, өндірістік және өзге де нысандарды салу жұмыстарының ауқымды болуы облыстың инфрақұрылымдық әлеуетін арттыруға ықпал етпек.

– Қарқынды жұмыстар биыл да жүйелі түрде жалғасын тауып жатыр. 2026 жылы құрылыс саласындағы өсімді төмендетпей, жалпы көлемді 475,9 млрд теңгеге жеткізу жоспарланған. Биыл алғашқы 9 айда облыста 279,1 млрд теңгенің құрылыс жұмыстары атқарылды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,4 пайызға артқанын көрсетеді. Аталған кезеңде өзге де құрылыс-монтаж жұмыстары – 61,2 млрд теңге (21,9 пайыз өсті), өзге де инженерлік ғимараттар құрылысы – 44,3 млрд теңге (15,9 пайыз), тұрғын үйге жатпайтын ғимараттар құрылысы 42,4 млрд теңгені (15,2 пайыз) құрады. Жолдар мен автомагистральдар құрылысының көлемі 38,8 млрд теңгеге (13,9 пайых) жетті. Сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне арналған құбырлар құрылысына 25,9 млрд теңге (9,3 пайыз), мұнай және газ магистралды құбырларының құрылысына 17,5 млрд теңге (6,3 пайыз) жұмсалды. Өзге де құбырлар құрылысы 12,3 млрд теңгеге жетсе (4,4 пайыз), басым бағыттың бірі саналатын тұрғын үй құрылысы 9,1 млрд теңгеге (3,3 пайыз өсті) артты, – деп толықтырды Маңғыстау облысының Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының баспасөз қызметі.

Бірқатар бағыт бойынша құрылыс жұмыстары көлемінің артуы өңірдегі инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылып жатқанын және саланың экономикалық белсенділігін сақтап отырғанын көрсетеді.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Құрылыс саласындағы маңызды бағыттардың бірі – халықты қолжетімді әрі сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұл Мемлекет басшысының «Халықтық құрылыс» бастамасымен де тікелей үндеседі.



Осы тұрғыдан алғанда, Маңғыстау облысының құрылыс саласындағы көрсеткіштері өте жақсы екенін айта кетейік. Тіпті бұл сала аймақ экономикасының маңызды қозғаушы күшіне айналып отыр. Мәселен, Маңғыстау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының дерегінше, 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңірде құрылыс жұмыстарының көлемі 440,7 млрд теңгені құраған. Тұрғын үй санатына жатпайтын құрылыстар көлемі – 91,8 млрд теңге (20,8 пайыз өсім), мұнай және газ магистралды құбырларының құрылысы – 88,9 млрд теңге (20,2 пайыз өсім), өзге де құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі – 69,3 млрд теңге (15,7 пайыз өсім), инженерлік ғимараттар құрылысы 54,9 млрд теңгені (12,5 пайыз өсім) құраған.


Сонымен қатар сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне арналған құбырлар құрылысы 38,8 млрд теңгені (8,8 пайызға өсті), жолдар мен автомагистральдар құрылысы 34,3 млрд теңгені (7,8 пайызға өсті), өзге де құбырлар құрылысы 28,9 млрд теңгені (6,6 пайызға) құрады. Бұл тұста тұрғын үй құрылысының көлемі 9,2 млрд теңгеге жетіп, 2,1 пайызға артқанын айта кетейік.

АЙМАҚ

7 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ ЖӨНДЕЛДІ

Шымкент қаласында 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық жұмыстары толық аяқталып, тұрғындарға орталықтандырылған жылу жүйесі арқылы жылу беру 23 қазаннан басталды. Қаладағы жылу өндіру көздері, сорғы стансалары, жылу желілері мен әлеуметтік нысандар қысқы кезеңге әзірленді. Сонымен қатар жылу инфрақұрылымын жаңғырту бағытында бірқатар жөндеу жұмыстары жүргізіліп, көмір қоры қалыптастырылды.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Шымкент қалалық Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Рзабек Меңдіқұловтың айтуынша, биылғы жылыту маусымына дайындық бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіліп, барлық негізгі жұмыстар белгіленген мерзімде орындалған. Қала бойынша қысқы кезеңге дайындықты қамтамасыз ету үшін коммуналдық инфрақұрылым мен әлеуметтік нысандардың әзірлігіне ерекше назар аударылған.

– Қалада жылыту маусымына дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес толық аяқталды. Бүгінде 31 дербес қазандық пен 17 сорғы стансасы 100 пайыз дайын. Сондай-ақ 2 241 көпқабатты тұрғын үй мен 463 бюджеттік мекеменің барлығы қысқы кезеңге әзірленді. Оның ішінде 255 білім беру, 90 денсаулық сақтау мекемесі және спорт, мәдениет, жұмыспен қамту салаларындағы 118 нысанның дайындығы толық қамтамасыз етілді, – деді басқарма басшысы.

Жылыту маусымының тұрақты өтуі ең алдымен жылу өндіруші кәсіпорындардың техникалық дайындығына байланысты. Осы бағытта «3-Энергоорталық» АҚ-ның негізгі құрал-жабдықтарын қысқы кезеңге әзірлеуге 1 млрд 61,5 млн теңге қарастырылған. Бөлінген қаражат есебінен жоспарланған жұмыстардың барлығы толық орындалған. Сонымен қатар жылумен жабдықтаушы «3-Энергоорталық» АҚ мен «Қуат-жылуорталық-3» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жылыту маусымына дайындық паспорттарын алған.

Қаладағы жылу инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары да биылғы дайындықтың маңызды бағытының бірі болды. Ұлттық жоба аясында жалпы құны 5,8 млрд теңгені құрайтын бір жоба жүзеге асырылуда. Жобаның мердігері – «Алматыинжстрой» АҚ. Кәсіпорын екі нысандағы жұмыстарды толық аяқтаған. Нәтижесінде, жалпы ұзындығы 895 метр болатын жылу құбырлары ауыстырылды. Қазір жаңартылған құбырлар арқылы тұтынушыларға жылу тұрақты беріліп отыр. Бұдан бөлек, 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында қаладағы 20,7 шақырым жылу желісіне ағымдағы жөндеу жүргізу үшін 1 млрд 531,7 млн теңге бөлінген. Жоспарланған монтаж жұмыстары толығымен аяқталды. Қазіргі уақытта жөндеу жүргізілген аумақтарда қазылған жерлерді қалпына келтіру, асфальт төсеу жұмыстары жалғасуда. Бұл жұмыстар жылу желілерінің сенімділігін арттырып қана қоймай, қыс мезгілінде туындауы мүмкін апаттық жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Қысқы маусымның тағы бір маңызды мәселесі – қатты отынмен қамтамасыз ету. Биыл Шымкент қаласының жылыту кезеңіне қажетті көмір көлемі 22,1 мың тонна болып белгіленген. Оның 4,8 мың тоннасы бюджеттік мекемелер мен дербес қазандықтарға, ал 17,3 мың тоннасы жеке тұрғындардың қажеттілігіне арналған. Қазір қала аумағындағы сегіз теміржол тұйығында алты өңірлік көмір операторы жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Азамат Мұнай», Vip-M, «Экзинит», «ГранСбытКомир-М», «Санас» және BEST жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері халықты қатты отынмен қамтамасыз етуге атсалысуда.

Бүгінге дейін қалаға шамамен 62 мың тонна көмір жеткізілген. Оның ішінде қазіргі уақытта көмір қоймаларында 15 мың тоннадан астам қор бар. Бұл көрсеткіш белгіленген маусымдық қажеттіліктен едәуір жоғары. Демек, көмір жеткізу мен оны өткізу бағытында тиісті ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп, тұрғындардың сұранысын қамтамасыз етуге қажетті мүмкіндік қалыптасқан.

Жалпы, биылғы жылыту маусымына дайындық барысында тек қазандықтар мен жылу желілерінің техникалық жай-күйіне ғана емес, тұтынушыларды үздіксіз жылумен қамту мәселесіне де басымдық берілген. Жылу инфрақұрылымының дайындығы, жөндеу жұмыстарының сапасы, көмір қорының жеткіліктілігі және коммуналдық кәсіпорындардың жұмысы өзара үйлестірілген. Шымкент қаласы әкімінің 2026 жылғы 23 қазандағы №47 өкіміне сәйкес, сол күннен бастап орталықтандырылған жылу желілері арқылы тұтынушыларға жылу толық көлемде беріле бастады. Осылайша, қалада 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымы ресми түрде басталып, жылу беру жүйесі штаттық режимде жұмыс істеуде.

Рзабек Меңдіқұловтың мәлімдеуінше, жылыту маусымының тұрақты әрі үздіксіз өтуі қала әкімдігінің тұрақты бақылауында. Тиісті коммуналдық қызметтер мен жауапты мекемелер жылу жүйелерінің жұмысын қадағалап, туындауы мүмкін мәселелерге жедел ден қоюға дайын.

Қорыта айтқанда, Шымкентте қысқы кезеңге дайындық кешенді түрде жүргізілді. Жылу көздері мен әлеуметтік нысандардың әзірлігі қамтамасыз етіліп, жылу желілерінің бірқатар учаскесі жаңартылды, көмір қоры қалыптастырылды. Ендігі міндет – атқарылған жұмыстардың нәтижесін сақтап, қала тұрғындарын бүкіл қыс бойы сапалы әрі үздіксіз жылумен қамтамасыз ету.

МИЛЛИОННАН АСТАМ АҒАШ ЕГІЛДІ

Елорданың барлық ауданында 2026 жылы ауқымды көгалдандыру жұмысы жүргізілді.

Қазір елордада 4 миллионнан астам жасыл желек бар. Ал «Жасыл белдеу» аумағында тағы 14 миллионға жуық ағаш өсіп тұр. Қалада жыл сайын кемінде 1 миллион ағаш, бұта және гүл отырғызылады. Жыл басынан бері Астанада 1 миллионнан астам жасыл желек егілді. Оның 700 мыңға жуығы көктемде, 400 мыңнан астамы күзде отырғызылды. Олардың қатарында шаған, жөке, қайың, қарағай, гортензия, тобылғы, сәлбен және сәндік тұқымды өсімдіктер бар.

Есіл ауданының жасыл қорында 240 мыңға жуық ағаш, 600 мың бұта, 65 мың шаршы метр гүлзар, 5 миллион шаршы метр көгалды және ұзындығы 117 мың метрден асатын жасыл қоршау бар. Биыл ауданда 70 мыңға жуық жасыл желек отырғызылды. Көгалдандыру жұмысы Керей-Жәнібек хандар мен Ұлы Дала көшелерінің, Қабанбай батыр даңғылының және басқа да ірі магистральдардың бойында, сондай-ақ ЕХРО саябағы мен ҚТЖ гүлзарында жүргізілді.

Жыл басынан бері Байқоңыр ауданында 1 138 ағаш пен 11 930 бұта отырғызылды. Қоғамдық кеңістіктерге біржылдық гүлдер де егілді. Көктемде 556 ағаш отырғызылды. Атап айтқанда, Ататүрік саябағында 50 ағаш пен 30 бұта, «Амстердам» гүлзарында 185 ағаш егілді. Бұдан бөлек, көктемде ауданда 3 291 сәндік гүлді бұта отырғызылып, гүлзарлар жайқалды.

Күзде тағы 582 ағаш егілді. Оның ішінде Кенесары көшесіндегі №62-64 үйлердің маңына – 230, Абай даңғылының Республика даңғылы мен Уәлиханов көшесінің аралығына – 139, Пушкин көшесіндегі №2 және №4 үйлердің жанына – 104, Ататүрік саябағына тағы 50 ағаш отырғызылды.



Сонымен қатар күзде 8 609 сәндік бұта егілді. Аудандағы өзге де көшелер, гүлзарлар мен қоғамдық кеңістіктер көгалдандырылды. Өсімдіктерді күтіп-баптауға да ерекше көңіл бөлінеді. Былтыр Ж.Тәшенев көшесіндегі гүлзарға отырғызылған 80 алма мен алмұрт ағашы жерсініп, биыл алғашқы жемісін берді.

Сарайшық ауданында 75 мыңға жуық ағаш, 31 мың бұта, 10 мың шаршы метр гүлзар, 2,4 миллион шаршы метр көгал және ұзындығы 21 мың метрден асатын жасыл қоршау бар. Биыл ауданда 35 мыңға жуық жасыл желек отырғызылды.

Жыл басынан бері Сарыарқа ауданында біржылдық және көпжылдық гүлдер мен бұталарды есептегенде, 333 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды. Сондай-ақ 4,4 мыңнан астам ағаш егілді. К.Күмісбеков көшесінде 500-ден астам ағаш пен 2,4 мыңнан астам бұта отырғызылды.

Алматы ауданының жасыл қорында 99,7 мыңнан астам ағаш, 68,1 мың бұта және ұзындығы 28,2 мың метр жасыл қоршау бар. 2026 жылы ауданда ағаштар, сәндік гүлді бұталар, көпжылдық гүлдер мен астық тұқымдас өсімдіктерді есептегенде, 42 332 жасыл желек отырғызылды.

Ал Нұра ауданында биыл 5,5 мыңға жуық ағаш, 75 мың бұта және 9 мыңнан астам көпжылдық гүл отырғызылды. Сондай-ақ көгалдандыру, құрылыс жобалары мен экологиялық акциялар аясында 500 мыңнан астам жасыл желек егілді.

ТЕНДЕР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ КОМИТЕТІНІҢ «БҰЙРАТАУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

туристік және рекреациялық қызметті дамыту мақсатында жер учаскесін 49 жыл мерзімге ұзақмерзімді пайдалануға беру үшін төмендегі лот бойынша тендер өткізеді:

№ 4 лот – «Ерейментау» филиалы, 54-орам, 13 және 6-телімдер – рекреациялық және туристік мақсаттар үшін 49 жыл мерзімге, ауданы 2 га, учаскенің координаттары: 51°37'32.15"N, 72°38'45.76"E.

Тендерлік өтінімдер мына мекенжайға мөрленген конвертпен ұсынылады:

Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Молодежный кенті, Абай көшесі, 13,

тел.: 8 (72148) 79-0-18, 79-0-11, пошта индексі: 101012, туризм және экологиялық ағарту бөлімі.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі:

2026 жылғы 17 қараша, сағат 09:30-ға дейін.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу:

2026 жылғы 17 қараша, сағат 15:00-де өткізіледі.

Бекітілген тендерлік құжаттама «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ресми сайтында орналастырылған: https://gnpp-buiratau.kz

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ТЕНДЕРА

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ГОСУДАРСТВЕННЫЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПРИРОДНЫЙ ПАРК «БУЙРАТАУ» КОМИТЕТА ЛЕСНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЖИВОТНОГО МИРА МИНИСТЕРСТВА ЭКОЛОГИИ И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

предоставляет земельный участок сроком на 49 лет в долгосрочное пользование для развития туристской и рекреационной деятельности по следующему лоту:

лот № 4 – филиал «Ерейментауский», квартал 54, выдел 13 и 6 – для рекреационных и туристских целей, сроком на 49 лет, площадью 2 га, координаты участка: 51°37'32.15"N, 72°38'45.76"E.

Тендерные заявки представляются лично в запечатанном конверте по адресу:

Карагандинская область, Осакаровский район, п. Молодёжный, ул. Абая, 13, тел.: 8 (72148) 79-0-18, 79-0-11, почтовый индекс: 101012, отдел туризма и экологического просвещения.

Окончательный срок представления тендерных заявок:

до 09:30 часов, 17 ноября 2026 года.

Вскрытие конвертов с тендерными заявками состоится 17 ноября 2026 года в 15:00 часов.

Утвержденная тендерная документация размещена на официальном сайте ГНПП «Буйратау»: https://gnpp-buiratau.kz



Бір әңгіме – ҰЛАСҚАН мәңгіге

Қазақтың қасіретті тағдырын суреттеген «Мәңгілік бала бейне» шығармасы отыз жылдан бері оқырман жүрегінен өшкен жоқ. Семей полигонының зардабын, адам жанының жарасын арқау еткен туынды бүгінде өзектілігін жоғалтпаған құнды дүние. Осы айтулы датаға орай Астанадағы академиялық кітапханада жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқановаың «Мәңгілік бала бейне» спектакль-кітабының тұсаукесері өтті. Кездесуге қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар қатысты.

Гүлзина БЕКТАС

Жуырда «Мәңгілік бала бейне» шығармасы Arman-PV баспасынан қазақ және ағылшын тілдерінде жарық көріп, Германияда өткен халықаралық кітап көрмесінде көпшілік назарына ұсынылған еді. Бұл – қазақ әдебиетінің жауһар туындыларының бірі саналатын шығарманың халықаралық деңгейде танылуына жол ашқан маңызды қадам. Семей ядролық полигонының адам тағдырына салған жазылмас жарасын суреттейтін туындының шетелдік оқырманға жол тартуы да айрықша мәнге ие. Өйткені «Мәңгілік бала бейне» – бір ғана халықтың қасіретін емес, адамзатқа ортақ трагедияны арқау еткен шығарма. Арада отыз жыл өтсе де, туындының көркемдік құндылығы мен көтерген мәселесінің өзектілігі жойылған жоқ. Керісінше, жаңа тілде жарық көріп, жаңа оқырманмен қауышуы шығарманың өміршеңдігін тағы бір мәрте дәлелдей түсті.

Оқырман сұранысына орай шығарма әртүрлі форматта жарияланатыны белгілі. Бұл спектакль-кітаптың да ерекшелігі осында: ол ұлт қасіретін арқау еткен шығарманың ғұмыры да мәңгілік екенін айшықтап тұрса керек. Спектакль-кітап алғаш рет жарық көріп отыр.



Шығарма туралы әлем әдебиетін зерттеп жүрген ғалымдар да ойларын бөлісті. Германиялық ғалым Верена Цабель шығарманың басты ерекшелігі ядролық жарылыстың өзін емес, оның адам тағдырына тигізген зардабын көрсетуі екенін атап өтті. Оның айтуынша, шығармада адамгершілік құндылықтар ерекше көрініс тапқан. Ләйлә мен жарық ай арасындағы байланыс арқылы қоғамдағы кемсітушілік мәселесі ашылады. Адамдар оны мүгедек деп қабылдаса, жарық ай оның жарақатын емдеуге тырысады. Ең қызығы, «Мәңгілік бала бейнені» түпнұсқадан оқу үшін әдебиеттанушы қазақ тілін үйреніп алыпты. Шығарма туралы ойын да қазақша жеткізді.

Әңгіменің сахнаға алып шығып, бағын ашқан – белгілі режиссер Болат Атабаев. Ол қойған «Мәңгілік бала бейне» көрерменнің есінде мәңгі қалды. Ләйлә рөлін ойнаған Данагүл Темірсұлтанова мен Нұржан Бексұлтановаың да образдары көпшіліктің есінен шыққан жоқ. Ләйлә – полигон қасіретін шеккен халықтың жиынтық образы еді. Жазушы сол образ арқылы елдің жазылмас жарасын суреттеді.

Arman-PV баспасының бас директоры Дидара Алина: «Біз осындай салмақты дүниені ағылшын тіліне аударғанымызға қуанамыз. Бұл шығарманы аудару – бізге де үлкен жауапкершілік жүктеді. «Мәңгілік бала бейненің» көтерген жүгі жеңіл емес, бұл қасіретті тағдырды суреттейтін шығарма. Көркем дүниені ағылшын тіліне ғана емес, тағы бірнеше тілге аудару ойымызда бар» деді.

Қазақстанның халық әртісі Нұрқанат Жақыпбай «Мәңгілік бала бейнені» сахнаға шығаруды біраз уақыт жоспарлағанын, оны қоюға жүрексінгенін айтады. Кейінірек режиссер Шыңғыс Айтматов, Оралхан Бөкей, Роза Мұқанова шығармалары желісінде ортақ бір дүние жасап, Ләйләның жаңа сахналық бейнесін өмірге әкелді.

Кеңес жылдарында Семей полигоны да, Арал қасіреті де айтылған жоқ. Кеңестік цензура бұл тақырыптардың шығуына тыйым салды. Әдебиетте де, тіпті газетте де жазылмады. ХХ ғасыр Семей қасіретін осылай «жабулы қазан жабулы күйінде» қалдырды. Сол уақытта мұндай тақырыпқа бару – Роза Мұқановаың ең үлкен ерлігі еді. Ал оны сахнаға шығарып, көрерменге тарту еткен Болат Атабаев болатын.

«Биыл бұл әңгімеге отыз жыл толды. Отыз жылда өзінің оқырманы да, көрермені де қалыптасты деп ойлаймын. Бұл туындының халықтық болуының бір себебі, тәуелсіздікке дейін қазақ әдебиетінде қаншама жабық тақырыптар болды. Ал сол «жабық» тақырыптарды ашуға мүмкіндік берген – Тәуелсіздік еді. Егер тәуелсіз ел болмағанымызда, «Мәңгілік бала бейне» сияқты шығармалар жазылмайтын еді. Сондықтан мұндай тақырыптарға халықтың ықыласы да ерекше болды. Бұл шығарманы жолы болған туынды деп айтар едім. Өйткені осы әңгіменің негізінде пьеса жаздым. Оны талантты режиссер, реформатор Болат Атабаев сахнаға қойды. Кейін Сатыбалды Нарымбетов әңгіме желісі бойынша «Қыз жылаған» фильмін түсірді. Бұл кино әлемді шарлады, халықаралық жүлделерге ие болды. Бүгінгі кездесу «Мәңгілік бала бейненің» спектакль-кітап болып жарық көруіне орай ұйымдастырылып отыр. Мұндай кітап бұрын-соңды шыққан емес. Оның ерекшелігі – шығармадағы кейіпкерлердің графикалық суретпен салынған бейнелері. Оқырман әр кейіпкердің бейнесін көре алады әрі әр кейіпкердің образы жақсы ашылған. Оны салған – талантты суретші Алмас Сырғабаев. Оның еңбегін ерекше атап өткім келеді» дейді жазушы Роза Мұқанова.

«Мәңгілік бала бейне» – өз көрерменін тапқан спектакль. Ләйләға арнап, талай ақын жыр жазды. «Уақыты келген кезде Ләйлә опера да болады, Ләйлә балет те болады. Өйткені Ләйлә көтеріп тұрған жүк – ұлттың жүгі» деген екен бір режиссер. Расында, Семей полигонынан шеккен азап – ұлттың үлкен жарақаты. Ләйләлар кешкен қасірет – халықтың жанына түскен ауыр жарасы.

Француз аудармашысы Филипп Риго «Мәңгілік бала бейнені» әлемнің кез келген еліндегі оқырманына ерекше әсер беретін туынды деп бағалаған екен. Демек, бұл оның (әңгіменің) ұлттық әдебиет шеңберінен шығып, жалпыадамзаттық мәселелерді көтеретін дүниеге айналғанын аңғартады. Отыз жыл өтсе де, ойдан да, көңілден де кеткен жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын туындының мәні тереңдеп, адамзатқа ортақ қасіреттің көркем шежіресіне айналып келеді.

ШЕТЕЛДЕГІ ҮЗДІК ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

OTANDASTAR QORY

Шетелдегі қазақтілді БАҚ-тың үздіктерін іріктейтін «Отандастар медиа сыйлығының» жеңімпаздары анықталды. «Отандастар қоры» КеАҚ ұйымдастырған байқау ұлт ұстазы, ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің 185 жыл мерейтойына орайластырылып отыр.

Аталған сыйлық шетелдегі қазақтілді БАҚ пен журналистердің еңбегін бағалау, ана тіліндегі ақпарат кеңістігін нығайту және Қазақстан мен диаспора арасындағы байланысты күшейту мақсатын көздейді. Оған Қазақстан азаматы емес, шетелдегі БАҚ-та ресми жұмыс істейтін қазақ журналистері мен шетелде тіркелген қазақтілді басылымдар қатысады.

Бұл жолғы байқауға «Үздік БАҚ», «Үздік журналист», «Үздік жас журналист» номинациялары бойынша онлайн форматта 20-ға жуық өтініш түскен. Ал жұмыстарды Turkistan, Aiqyn, Egemen Qazaqstan, Astana Aqshamy және «Медиа дамыту қоры» КҚ өкілдерінен құралған қазылар алқасы 30 қазандағы отырысында бағалады. Бағалау кезінде үміткерлердің тәжірибесі, шығармашылық шеберлігі, тұрақтылығы және аудиторияға ықпалы ескерілді.

Қазылар алқасының шешімімен Баян-Өлгий аймақтық Бұқаралық қазақ радиосы (Моңғолия) «Үздік БАҚ» номинациясында топ жарды. Бұған дейін 60 жылдық тарихы бар радио 2025 жылы «Баян-Өлгий аймағының үздік мекемесі» сыйлығына ие болған. «Үздік журналист» жүлдесі Баян-Өлгий аймағындағы қазақ тілінде хабар тарататын «Дербес» телеарнасының журналисі Жұлдыз Жұмағұлқызына бұйырды. Ал өзбекстандық Бекболат Мұхтаров «Үздік жас журналист» атанды. Еңбек жолын 2021 жылы «Нұрлы жол» газетінде тілші болып бастаған ол 2024 жылы «Ұлт.kz» ақпараттық порталында еңбек еткен. Биылғы ақпаннан бері қайтадан «Нұрлы жол» газетінің тілшісі қызметіне оралған.

Жеңімпаздар 13-16 қараша Шымкент және Түркістан қалаларында өтетін «Киелі Қазақстан» жобасы барысында марапатталып, әр номинация жеңімпазына бағалы сыйлық табысталады.

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4811
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Келемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Айхан ШӘРІП, Еркебұлан НҰРЕКЕШ